



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жеке қаржылық есептілік және Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

31 желтоқсан 2023 жыл

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Жеке қаржылық жағдайы жөніндегі есептілік	1
Жеке пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс жөніндегі есептілік	2
Жеке капиталдағы өзгерістер жөніндегі есептілік	3
Жеке ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есептілік	4

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР:

1	«Самұрық-Энерго» АҚ және оның қызметі.....	5
2	Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат	5
3	Жаңа есепке алу ережелері.....	8
4	Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар	9
5	Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар	12
6	Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар	14
7	Берілген қарыздар және борыштық құралдарға салынған инвестициялар	15
8	Басқа ұзақ мерзімді активтер	17
9	Басқа қысқа мерзімді активтер	17
10	Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері.....	17
11	Акционерлік капитал.....	19
12	Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	19
13	Қарыздар мен облигациялар	20
14	Дивидендтер бойынша табыс	22
15	Өзге операциялық кірістер мен шығыстар (нетто)	22
16	Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	23
17	Қаржылық активтердің (құнсыздануынан болған залал)/құнсыздануын қалпына келтіру (нетто)	23
18	Қаржылық табыстар.....	23
19	Қаржылық шығыстар.....	24
20	Табыс салығы.....	24
21	Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	26
22	Қаржы тәуекелдерін басқару	28
23	Қаржы құралдарының әділ құны	33
24	Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар.....	34
25	Акциядан түсетін пайда/(залал).....	35

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Самұрық-Энерго» АҚ Акционері мен Директорлар кеңесіне:

Біздің пікіріміз

Біздің пікірімізше, жеке қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы жеке қаржылық нәтижелері мен жеке ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Компанияның келесі қамтитын жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жеке қаржылық жағдайы жөніндегі есептілік;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы жеке пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс жөніндегі есептілік;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы жеке капиталдағы өзгерістер жөніндегі есептілік;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы жеке ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есептілік;
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, жеке қаржылық есептілікке ескертулер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептілік аудиті бойынша аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті ері тиісті болып табылады деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары кеңесі (ХБЭСК кодексі) шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарына сәйкес қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы біздің жеке қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын этикалық талаптарына сәйкес Компанияға тәуелсіз болып табыламыз. Біз жеке қаржылық есептілік аудитімізде қолданылатын ХБЭСК кодексінің басқада этикалық міндеттерімізді және Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына сәйкес этикалық міндеттерімізді орындадық.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

2 - бет

Біздің аудит әдіснамасы

Қысқаша шолу

Маңыздылық	Тұтастай алғанда Компанияның жеке қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 3,040,000 мың қазақстандық теңге, бұл Компания активтерінің жалпы баланстық құнының шамамен 0.49% құрайды
Аудиттің негізгі мәселелері	Еншілес және қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануы

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, жеке қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті пайымдауларын, мысалы, маңызды бухгалтерлік бағалауларын талдадық, оған болжамдарды қолдану және олардың сипатына байланысты белгісіздік байланысты болатын болашақ оқиғаларды қарастыру кірді. Басқа аудиттердегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау құралдарын айналып өту қаупін қарастырдық, соның ішінде алаяқтық салдарынан маңызды бұрмалану қаупін тудыратын басшылықтың объективті емес белгілерінің болуын бағаладық.

Маңыздылығы

Біздің аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудит жеке қаржылық есептілікте елеулі бұрмауланулардың жоқтығына негізделген сенімділік алу үшін жасалған. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы жеке қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Компанияның жеке қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді орнаттық. Осы мағыналардың көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және (жеке және жиынтықта алынған) бұрмаланулардың тұтастай жеке қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Компанияның жеке қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық тұтастай алғанда	3,040,000 мың қазақстандық теңге
Біз оны қалай анықтадық	активтердің жалпы баланстық құнының шамамен 0.49 %
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі	Біз Компания активтерінің жалпы баланстық құнын маңыздылық деңгейін анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде пайдалану туралы шешім қабылдадық, өйткені пайдаланушылар Компания қызметінің нәтижелерін бағалау үшін жиі қарастыратын осы базалық көрсеткіш деп санаймыз және ол жалпы қабылданған базалық көрсеткіш болып табылады. Біз маңыздылықты 0.49% деңгейінде белгіледік. Іс жүзінде біз маңыздылық деңгейін 1% деңгейінде белгілейміз, ол осы секторға инвестициялауға бағытталған кәсіпорындар үшін қолданылатын қолайлы сандық маңыздылық шектерінің диапазонына түседі, бірақ бұл жағдайда біз шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін қолданылатын маңыздылық деңгейін бағалау негізінде бұл деңгейді 0.49% дейін төмендеттік.
Аудиттің негізгі мәселелері	

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі жеке қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда жеке қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

4 - бет

Аудиттің негізгі мәселелесі

Еншілес және бірлескен және қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануы

Жеке қаржылық есептіліктің 4-ескертуін қараңыз.

2023 жылғы 31 желтоқсанда Компания басшылығы инвестициялардың құнсыздану индикаторларына талдау жүргізді. Жүргізілген талдау негізінде Компания басшылығы құнсыздану көрсеткіштерін анықтаған жоқ.

Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді

Еншілес кәсіпорындар мен бірлескен және қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздану индикаторларына басшылық жүргізген талдауға қатысты біздің рәсімдер мыналарды қамтыды:

- басқа активтер тудыратын ақша ағындарына қарамастан ақша ағындарын тудыратын активтердің анықталатын топтарын анықтауды талдау;
- басшылық пайдаланған негізгі жорамалдардың дәлдігі мен орындылығын тексеру;
- энергетика саласындағы экономикалық және нарықтық үрдістерді зерттеу;
- негізгі болжамдар бойынша басшылықпен бірқатар сұхбат жүргізу;
- басқа кіріс деректерін қарау және оларды даму жоспары сияқты растайтын құжаттармен салыстыру, сондай-ақ даму жоспарын қажет болған жағдайда нақты нәтижелермен салыстыру.

Біз сондай-ақ құнсыздану индикаторларын бағалауды орындау кезінде пайдаланылған болжамдарға қатысты қорытынды қалыптастыру үшін бағалау саласындағы сарапшыларымызды қатыстырдық.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 "Активтердің құнсыздануы" талаптарына сәйкес жеке қаржылық есептілікке 4-ескертуде ақпаратты ашудың жеткіліктілігіне назар аудардық.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

5 - бет

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпарат осы аудиторлық есебіннің күнінен кейін бізге берілуі күтіледі және жылдық есепті қамтиды (бірақ жеке қаржылық есептілікті және осы есеп туралы біздің аудиторлық есебімізды қамтымайды).

Жеке қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің жеке қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде, танысу және өзге ақпарат пен жеке қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар болуы және өзге де ақпаратта өзге де ықтимал елеулі бұрмалаулардың бар болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, мұны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуіміз керек.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар, жеке қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы жеке қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ жеке қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау үшін жауапты.

Жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның жеке қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жеке қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне негізделген сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Негізделген сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі кепілдікті білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит әрқашан олар болған кезде елеулі бұрмалануларды анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы жеке қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

6 - бет

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық осы әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруінің заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда жеке қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз, немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасағанға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, жеке қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай-ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы адамдарға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

7 - бет

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға жеткізген сұрақтардың ішінен ағымдағы кезеңдегі жеке қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын сұрақтарды анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді заңмен немесе нормативтік актімен жария етуге тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда қандай-да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген қорытындыға келген жағдайларды қоспағанда, біздің аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, себебі мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлауының әлеуметтік маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады.

Нәтижелер бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық қорытындысы шығарылған тапсырманың жетекшісі — Құмарбек Бердіқұлов.

ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс» атынан

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілді:



Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс»
(Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы № 0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:



Құмарбек Бердіқұлов
Орындаушы аудитор
(2014 жылдың 6 тамызындағы
№МФ-0000188 Аудитордың біліктілігі куәлігі)

2024 жылғы 4 наурыз

Алматы, Қазақстан

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Жеке қаржылық жағдайы жөніндегі есептілік

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертулер	31 желтоқсан 2023 ж.	31 желтоқсан 2022 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		255,827	320,166
Материалдық емес активтер		629,749	697,765
Пайдалану құқығындағы актив		1,037,288	927,762
Екшілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар	6	601,116,258	521,962,326
Берілген қарыздар және қарыздық құралдарға салынған инвестициялар	7	21,568,483	36,645,365
Өзге ұзақ мерзімді активтер	8	336,698	562,390
Барлық ұзақ мерзімді активтер		624,944,303	561,115,774
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		18,892	19,317
Берілген қарыздар және қарыздық құралдарға салынған инвестициялар	7	18,814,406	15,632,164
Өзге қысқа мерзімді активтер	9	1,033,079	8,838,129
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	10	17,683,772	22,029,475
Барлық қысқа мерзімді активтер		37,550,149	46,519,085
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		662,494,452	607,634,859
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	11	443,567,998	378,531,570
Өзге резервтегі капитал		89,366,359	89,220,724
Өтелмеген залал		(33,147,096)	(39,788,431)
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		499,787,261	427,963,863
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар мен облигациялар	13	130,816,149	127,830,765
Жалдау бойынша міндеттемелер		946,887	806,766
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	19	27,291	166,715
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		131,790,327	128,804,246
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар мен облигациялар	13	28,740,744	47,176,852
Жалдау бойынша міндеттемелер		420,149	351,994
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	12	1,665,699	3,253,135
Төлеуге арналған өзге салықтар		90,272	84,769
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		30,916,864	50,866,750
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		162,707,191	179,670,996
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		662,494,452	607,634,859
Бір жай акцияның теңгерімдік бағасы (Қазақстан теңгесімен)	25	79,081	75,857

Басшылық атынан 2024 жылы 4 наурызда қол қойылды.

Камалов Апмаси Низаматдинулы
Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директиор

Төлекова Сәуле Бекзадақызы
«Бұхгалтәрлік және Салық өсөбі»
департаментінің директоры – Бас
бұхгалтер

Қоса берілген ескертулер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Жеке пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс жөніндегі есептілік

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертулер	2023 ж.	2022 ж.
Дивидендтер бойынша табыстар	14	36,347,285	32,552,145
Өзге операциялық табыстар және шығыстар (нетто)	15	(1,058,241)	(14,617,319)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	16	(4,835,004)	(7,173,270)
Қаржылық активтердің (құнсыздануынан болған залал)/құнсыздануын қалпына келтіру (нетто)	17	(12,998,940)	305,472
Операциялық пайда		17,455,100	11,067,028
Қаржылық табыстар	18	11,021,063	10,004,017
Қаржылық шығыстар	19	(19,639,328)	(25,673,267)
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)		8,836,835	(4,602,222)
Табыс салығы бойынша шығыс	20	(154,500)	(49,641)
ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА/(ЗАЛАЛ)		8,682,335	(4,651,863)
Басқа жиынтық табыс/(залал)		145,635	(108,274)
Жылдағы барлық жиынтық табыс/(залал)		8,827,970	(4,760,137)
Жылына бір акциядан түсетін пайда/(залал) (Қазақстан теңгесімен)	25	1,484	(830)

Қоса берілген ескертулер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Жеке капиталдағы өзгерістер жөніндегі есептілік

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескерту	Акционерлік капитал	Өзге резервтегі капитал	Өтелмеген залал	Барлық капитал
2022 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық		373,314,888	89,328,998	(33,095,568)	432,279,357
Жылдағы залал		-	-	(4,651,863)	(4,651,863)
Басқа жиынтық залал		-	(108,274)	-	(108,274)
Жылдағы барлық жиынтық залал		-	(108,274)	(4,651,863)	(4,760,137)
Акциялардың эммисиясы	11	2,485,643	-	-	2,485,643
Жарияланған дивидендтер	11	-	-	(2,041,000)	(2,041,000)
2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық		378,531,570	89,220,724	(39,788,431)	427,963,863
Жылдағы пайда		-	-	8,682,335	8,682,335
Басқа жиынтық табыс		-	145,635	-	145,635
Жылдағы барлық жиынтық табыс		-	145,635	8,682,335	8,827,970
Акциялардың эммисиясы	11	65,036,428	-	-	65,036,428
Жарияланған дивидендтер	11	-	-	(2,041,000)	(2,041,000)
2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық		443,567,998	89,366,359	(33,147,096)	499,787,261

Қоса берілген ескертулер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Жеке ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есептілік

Қазақстан теңгесімен, мың	2023 ж.	2022 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал):	8,836,835	(4,602,222)
Мыналар бойынша түзетулер:		
Дивидендтер бойынша табыс	(36,347,285)	(32,552,145)
Тозу және амортизация	490,573	468,856
Қаржылық шығыстар	19,639,328	25,673,267
Қаржылық табыстар	(11,021,063)	(10,004,017)
Баға айырмасынан түскен табыс	(3,956)	(34,798)
Активтердің құнсыздануынан шеккен залал	15,038,893	14,704,190
Активтердің құнсыздануынан қалыпқа келу	(976,741)	(1,036,368)
Өзге	(673)	(3,899)
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының қозғалысы:	(4,344,089)	(7,387,136)
Тауар-материалдық қорлардың өзгеруі	201	33,630
Дебиторлық берешектің, өзге қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің өзгеруі	(380,520)	51,676
Өзге кредиторлық берешектің өзгеруі	(1,275,900)	652,800
Өзге салықтар бойынша берешектің өзгеруі	(314,286)	1,400,551
Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты	(6,314,594)	(5,248,479)
Төленген табыс салығы	(200,450)	(48,761)
Алынған дивидендтер	36,347,285	32,552,145
Төленген пайыздар	(9,756,504)	(15,302,279)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты	20,075,737	11,952,626
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(126,178)	(394,175)
Қарыз құралдарын сатудан түскен түсім	7,068,959	384,600
Еншілес компаниялардың капиталына қосылған үлес	(78,384,166)	(1,971,347)
Еншілес компаниялардың акцияларын сатудан түскен түсім	7,901,055	14,447,066
Еншілес компаниялар және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген қарыздар мен қаржылық көмек	(20,977,096)	(5,248,700)
Еншілес компанияларға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген қарыздар мен қаржылық көмекті өтеуден түсетін түсімдер	12,000,000	5,941,331
Қарыздық бағалы қағаздарды сатып алу	(8,099,614)	-
Қаржы құралдарын эмитенттер арқылы өтеулен түскен түсімдер	9,900,000	20,100,000
Берілген қарыздардан және қарыздық құралдарға салынған инвестициялардан алынған пайыздар	6,136,308	5,851,370
Банктік салымдарды қайтару/(орналастыру), нетто	1,401,000	(1,395,500)
Депозиттер бойынша алынған пайыздар	1,576,076	233,900
Қаржылық дебиторлық берешекті өтеуден түсетін түсім	232,260	-
Инвестициялық қызмет бойынша өзге түсімдер	115,073	115,073
Инвестициялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты	(61,256,323)	38,063,618
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Шығарылған облигацияларды және алынған қарыздарды өтеу (11-ескерту)	(32,344,168)	(84,427,246)
Шығарылған облигациялар және алынған қарыздар бойынша түсімдер (11-ескерту)	8,820,218	54,636,771
Акция эмиссиясынан түскен түсім	62,746,343	2,485,643
Төленген дивидендтер	(2,041,000)	(2,041,000)
Жалдау бойынша негізгі қарызды өтеу	(351,994)	(157,286)
Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты	36,829,399	(29,503,118)
Валюта айырбас бағамының өзгеруінің ақша қаражатына және олардың эквиваленттеріне әсері	3,517	36,634
Құнсыздану бойынша резервтегі өзгерістер	1,967	(1,625)
Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттерінің таза ұлғаюы	(4,345,703)	20,548,135
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	22,029,475	1,481,340
Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның эквиваленттері	17,683,772	22,029,475

Қоса берілген ескертулер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

1 «Самұрық-Энерго» АҚ және оның қызметі

Осы жеке қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») үшін 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС-ке) сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады, оған Компания акцияларының 100%-ы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі - Компанияны түпкі бақылаушы тарап.

Негізгі қызмет

Компания қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіруді, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сатуды, электр энергиясын тасымалдауды, желідегі электрді техникалық бөлуді, су және жылу электр станцияларын салуды, жаңартылатын электр энергиясы көздерін салу мен пайдалануды, сондай-ақ су электр станцияларының мүлдітік кешендерін жалға алуды жүзеге асыратын бірқатар компанияларды біріктіретін (6-ескерту) холдингтік компания (бұдан әрі – «Компания») болып табылады.

Компанияның заңды мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

2 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат

Жеке қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы жеке қаржылық есептілік бастапқы тану әділ құны бойынша жүзеге асырылатын қаржы құралдарын қоспағанда, сатып алудың бастапқы құны бойынша есепке алу қағидалары негізінде ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды. Осы жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясаты туралы маңызды ақпарат төменде келтірілген. Бұл қағида, егер басқаша көрсетілмесе, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданылды. Компания осы жеке қаржылық есептілікті басшылыққа дайындады. Компания аталған жеке қаржылық есептілікті басшылық үшін әзірледі.

Пайдаланушылардың осы жеке қаржылық есептілікпен танысуы компанияның қаржылық жағдайы, операциялық қызметінің нәтижелері және тұтастай алғанда қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық ақпарат алу мақсатында 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жеке қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауды қолдануды талап етеді. Сонымен қатар, басшылық Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде өз пікірлеріне сүйенуі қажет. Бағалаудың немесе күрделіліктің неғұрлым жоғары дәрежесін болжайтын бухгалтерлік есеп салалары, сондай-ақ болжамдар мен бағалаулар жеке қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 4-ескертуде көрсетілген.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Басшылық осы жеке қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі принципі негізінде дайындады.

Шетел валютасын қайта есептеу

(i) Функционалдық валюта және жеке қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Егер басқаша көрсетілмесе, осы жеке қаржылық есептілікте ұсынылған барлық сандық деректер мың теңгемен көрсетіледі.

Функционалдық валюта - бұл ұйым өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы. Компанияның функционалдық валютасы теңге болып табылады.

(ii) Шетел валютасындағы операциялар мен қалдықтар

Шетел валютасындағы операциялар мен қалдықтар операциялар жасалған күндердегі ресми бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептелді.

Осы операциялар бойынша есеп айырысулар нәтижесінде, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен жыл соңындағы айырбас бағамдары бойынша міндеттемелерді қайта есептеу нәтижесінде туындаған бағамдық айырмадан пайда немесе залал пайдада немесе залалда көрсетіледі.

2 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңге).

Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық шектеу және бақылау қағидалары қолданылады.

Қазіргі уақытта теңге ҚР шегінен тыс еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

Еншілес және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Осындай инвестицияларды есепке алу кезінде осы жеке қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Компания құнсыздану резервін шегергендегі бастапқы құн әдісін қолданды.

Қаржы құралдары

Бастапқы құн төленген ақша қаражаттарының немесе олардың баламаларының сомасын немесе сатып алу күні активті сатып алу үшін берілген басқа өтемнің әділ құнын білдіреді және мәміле бойынша шығындарды қамтиды. Бастапқы құн бойынша бағалау нарықтық баға белгілеулері жоқ және әділ құны сенімді бағаланбайтын үлестік құралдарға инвестицияларға және ашық нарықта баға белгілеулері жоқ осындай үлестік құралдарға байланған және осындай үлестік құралдармен өтеуге жататын туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

(i) Қаржылық активтер

2023 жылғы 31 желтоқсанда және 2022 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның қаржылық активтері амортизацияланған құны бойынша бағаланатын болып жіктелді.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қарыздық құралдар күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервін шегергендегі қаржылық жағдай туралы жеке есепте ұсынылады.

Компания бастапқы танылған сәттен бастап несиелік сападағы өзгерістер негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш сатылы» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданбаған қаржы құралы 1-кезеңге жатады деп жіктеледі. 1-кезеңнің қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік залал, егер ол 12 ай өткенге дейін («12 айлық күтілетін кредиттік залал») басталса, келесі 12 ай ішінде немесе шартқа сәйкес өтеу күніне дейін орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын барлық мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігіне тең сомға бағаланады. Егер Компания бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің едәуір өсуін анықтаса, онда актив 2-кезеңге ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін несиелік шығындар бүкіл мерзім ішінде, яғни Шартқа сәйкес өтеу күніне дейін күтілетін несиелік шығындар негізінде бағаланады, бірақ егер ол көзделген болса, күтілетін алдын-ала төлемді ескере отырып («Бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік шығындар мерзімі»). Егер Компания қаржы активінің құнсызданғанын анықтаса, актив 3-кезеңге ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік залал бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал ретінде бағаланады. Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржылық активтер үшін күтілетін несиелік шығындар әрқашан бүкіл мерзімде күтілетін несиелік шығындар ретінде бағаланады.

Компания қаржылық активтерді тануды тоқтатады, (а) осы активтер өтелген кезде немесе осы активтермен байланысты ақша ағындарына құқықтардың мерзімі аяқталған кезде немесе (б) Компания қаржы активтерінен ақша ағындарына құқықтарды берді немесе беру туралы келісім жасады, сонымен бірге (i) іс жүзінде барлық тәуекелдер мен сыйақыларды берді немесе (ii) осы активтерге иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды бермеді немесе сақтамады, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылды. Егер контрагенттің активті байланысты емес үшінші тарапқа сатуға шектеулер енгізбестен толық сатуға практикалық мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

(iii) Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелерді тану олар өтелген жағдайда тоқтатылады (яғни Шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда немесе оның орындалу мерзімі аяқталғанда).

Қарыздық құралдарды Компания мен оның бастапқы кредиторлары арасындағы айтарлықтай ерекшеленетін шарттармен айырбастау, сондай-ақ қолданыстағы қаржылық міндеттемелер шарттарының елеулі өзгерістері бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде ескеріледі. Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алынған сыйақыларды шегергендегі барлық төленген сыйақыларды қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталған дисконтталған құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған дисконтталған құнынан кемінде 10% - ға өзгеше болса, шарттар айтарлықтай ерекшеленеді деп есептеледі. Сонымен қатар, басқа сапалық факторлар ескеріледі. Егер борыштық құралдармен алмасу немесе шарттарды өзгерту өтеу ретінде есепке алынса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар өтеуден түскен пайда немесе залал құрамында танылады. Егер айырбастау немесе түрлендіру өтеу ретінде есепке алынбаса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде көрсетіледі және өзгертілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

2 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Міндеттемелердің оларды өтеуге әкеп соқпайтын модификациялары кумулятивтік амортизацияны кері санмен есептеу әдісі бойынша бағалау мәнінің өзгеруі ретінде ескеріледі, бұл ретте пайда немесе залал, егер баланстық құнындағы айырмашылықтың экономикалық мазмұны меншік иелерімен капиталмен жасалатын операцияға жатпайтын болса, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша, содан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген амортизациялық құн бойынша есептеледі.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына кассадағы ақша қаражаттары, ағымдағы банктік шоттардағы қаражат, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі 10 күннен аспайтын басқа банктермен сатып алу және кері сату шарттары («кері репо») кіреді. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) олар өтеу мерзіміне дейін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек негізгі қарыз бен пайыз есебінен төлемдер болып табылады және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмайды.

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаттарының қалдықтары ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті жасау мақсатында ақша қаражаттарының құрамынан және олардың баламаларынан алынып тасталады.

Айырбастау операцияларына немесе есепті кезеңнен кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер белгіленген ақша қаражатының қалдықтары өзге де ұзақ мерзімді активтердің құрамына енгізіледі; үш айдан астам, бірақ есепті кезеңнен кейін он екі айдан аз уақыт ішінде пайдалану шектелген ақша қаражаты Өзге қысқа мерзімді активтердің құрамына енгізіледі.

Акционерлік капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты қосымша шығындар капитал құрамында салықтарды шегергендегі түсімдер сомасынан шегерімдер ретінде көрсетіледі. Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен акциялардың әрбір жеке шығарылымы кезінде әрбір акцияның құны, сондай-ақ заңнамаға сәйкес акциялардың саны айқындалады. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан асып кету сомасы капиталда Эмиссиялық кіріс ретінде көрсетіледі.

Басқа резервтік капитал

Басқа резервтік капитал-бұл меншік иелеріне ХҚЕС, заңнама талаптарына сәйкес немесе компанияның бастамасы бойынша бөлуге тыйым салынған және құрылтай құжаттарында қарастырылған капиталдың бөлігі.

Басқа резервтік капиталға кәсіпорындар бірлестігінің резерві, акционермен операциялардың нәтижесі және басқа жиынтық кіріс/шығын кіреді.

Негізгі құралдар объектілерін, бизнесті біріктіруді, басқа кәсіпорындағы қатысу үлестерін және шығу топтарын, ақша қаражатын және басқаларын қоса алғанда, акционердің өкімі бойынша шығындарды есептеу немесе активтерді бөлу капиталда «басқа резервтік капитал» ретінде танылады. Басқа резервтік капиталға акционерден алынған қарыздарды нарықтық емес шарттармен бастапқы танудан түскен кіріс кіреді.

Акцияға шаққандағы пайда және бір акцияның баланстық құны

Акцияға шаққандағы базалық пайда компания акционерінің үлесіне келетін пайданың бір жыл ішінде орналастырылған жай акциялардың орташа өлшенген санына қатынасы ретінде есептеледі. Компанияда сұйылтылған әлеуетті жай акциялар жоқ, сондықтан бір акцияға шаққандағы сұйылтылған пайда бір акцияға шаққандағы негізгі пайдаға сәйкес келеді (25-ескерту).

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің (бұдан әрі – «ҚҚБ») 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес жеке қаржылық есептілікте ҚББ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс.

Қарыздар

Несиелер мен несиелер бастапқыда әділ құн бойынша, мәміле бойынша жұмсалған шығындарды шегергенде, содан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

3 Жаңа есепке алу ережелері

Төменде келтірілген қайта қаралған стандарттар Компания үшін 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті болды, бірақ Компанияға айтарлықтай әсер етпеді:

- Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық – ХҚЕС (IAS) 12 түзетулері (2021 жылдың 7 мамырында шығарылған, 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелердің жіктелуі - ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері (2020 жылдың 23 қаңтарында шығарылды және 2022 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелердің жіктелуі - күшіне ену күнін ауыстыру - ХҚЕС (IAS) түзетулері 1 (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылған және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 8 түзетулері: «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» (2021 жылдың 12 ақпанында шығарылды және 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС бойынша практикалық нұсқаулыққа 2 түзетулер: есеп саясаты туралы ақпаратты ашу (2021 жылғы 12 ақпанда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады).
- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» (2017 жылғы 18 мамырда шығарылған және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 17 ХҚЕС (IFRS) түзетулері және ХҚЕС (IFRS) 4 түзетулері (2020 жылдың 25 маусымында шығарылды және 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 17 ХҚЕС (IFRS) қолданудағы сақтандырушылар үшін өтпелі опция - 17 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2021 жылғы 9 желтоқсанда шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтары немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 12»Табыс салығы: Халықаралық салық реформасы – екінші компоненттің үлгілік ережелері» түзетулері (2023 жылғы 23 мамырда шығарылды).

2024 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын және Компания мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды.

- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу: кері жалға беру кезінде сату бойынша жалдау міндеттемелері» түзетулері (2022 жылдың 22 қыркүйегінде шығарылды және 2024 жылдың 1 қаңтары немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа және ұзақ мерзімді деп жіктеу - ХҚЕС (IAS) түзетулері 1 (бастапқыда 2020 жылдың 23 қаңтарында шығарылды, содан кейін 2020 жылдың 15 шілдесінде өзгертілді және 2022 жылдың 31 қазаны, сайып келгенде, 2024 жылдың 1 қаңтары немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу: жеткізушілерді қаржыландыру тетіктері» түзетулері (2023 жылғы 25 мамырда шығарылды).
- ХҚЕС (IAS) 21 «Өзара ауыстырудың болмауы» түзетулері (2023 жылдың 15 тамызында шығарылды).

3 Жаңа есепке алу ережелері (жалғасы)

Жарияланған, бірақ кейінге қалдырылған және Компания оны мерзімінен бұрын қабылдамаған түзетулер:

- Инвестор мен оның қауымдастырылған компаниясы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы активтерді сату немесе салым – 10 ХҚЕС (IFRS) және 28 ХҚЕС (IAS) түзетулері (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және ХҚЕС кеңесі айқындайтын күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, осы жаңа стандарттар мен түсініктемелер компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар

Компания қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бухгалтерлік бағалаулар мен жол берулерді жүргізеді. Бухгалтерлік бағалау мен пайымдау тұрақты талдауға ұшырайды және басшылықтың өткен тәжірибесіне және басқа да факторларға, оның ішінде қалыптасқан мән-жайларда негізделген болып саналатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерге негізделген. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық бухгалтерлік бағалармен байланысты кәсіби пікірлерді де қолданады. Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзету қажеттілігіне алып келуі мүмкін қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін кәсіби пайымдаулар және бухгалтерлік бағалаулар мыналарды қамтиды:

Инвестициялардың құнсыздануы

Өрбір есепті кезеңнің соңында басшылық жеке активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің болуын және гудвилден басқа активтер немесе активтер топтары үшін алдыңғы кезеңдерде танылған құнсыздану шығыны енді жоқ немесе азайғанын бағалайды.

Кез келген осындай белгілер болған кезде басшылық активтің өтелетін құнын бағалайды, ол сату шығындары мен оны пайдалану құнын шегергендегі оның әділ құны шамаларының ең үлкені ретінде анықталады. Пайдалану құнын есептеу басшылық тарапынан бағалау деректері мен кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді, олар қалыптасқан жағдайларда негізделген болып саналады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау сонымен қатар негізгі құралдар объектілерінің ықтимал технологиялық ескіруін, қызметін тоқтатуды, олардың пайдалы қызметінің қалдық мерзімдерін және пайдалану жағдайларының басқа да өзгерістерін анықтауда пайымдаулар мен бағалауларды пайдалануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36-ға сәйкес құнсыздану белгілерінің бірі Компания үшін кезең ішінде болған немесе жақын болашақта Компания қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе құқықтық жағдайларда немесе актив арналған нарықта күтілетін теріс салдары бар елеулі өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтердің өтелетін құнын бағалау кезінде Компания бағалауды қолданады және пайымдаулар жасайды. Бағалаулар мен пайымдаулар үнемі сыни талдауларға ұшырайды және өткен көшбасшылық тәжірибеге және басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген деп есептелетін болашақ оқиғаларға қатысты күтулерге негізделген. Менеджмент сонымен қатар есеп саясатын қолдану барысында бағалауды қажет етпейтін кейбір пікірлерді қолданады.

Құнсыздану белгілерін талдауда қолданылатын негізгі фактілер мен болжамдар:

- Есепті кезеңдегі еншілес компаниялардың экономикалық тиімділігінде теріс өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 192 бұйрығына сәйкес «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 147 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидаларына сәйкес тарифтерді түзету мүмкіндігімен энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді 2023 жылғы 1 маусымнан бастап ұлғайту;
- Кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі активтердің өтелетін құнына елеулі әсер етпейді, өйткені қарыздық қаржыландыру мөлшерлемесінің ұлғаюы электр энергиясына шекті тарифтерді, сондай-ақ электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесіне сәйкес шекті тарифтердің келесі қолданылу кезеңінде пайда нормасын есептеу кезінде WACC мөлшерлемесінде ұқсас түрде көрініс табады. ҚР Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеу, сондай-ақ тарифтің шығыс бөлігіне алдыңғы кезеңдегі сыйақылар бойынша шығыстар енгізіледі;

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын өткізу нарығының жаңа нысаналы моделін енгізу электр станцияларының қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Электр энергиясының теңгерімсіздік нарығындағы теңгерімсіздіктерді сатып алу және сату көлемі сатудың жалпы көлемінің 5% - дан азын құрады, бұл шамалы ауытқу болып табылады. Теңгерімсіздіктер кезінде орталықтандырылған сауда-саттықта электр энергиясын сатып алу және сату бағасы да есепті кезеңнің нәтижелеріне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Станциялар негізінен белгіленген көлемге сәйкес жұмыс істейді, сәйкесінше жоспар әдетте электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы операциялардың көлемін азайтуға мүмкіндік беретін фактіге сәйкес келеді.

- Инфляция мөлшерлемелерінің өзгеруі елеулі әсер етпейді, өйткені тарифтің шығын бөлігіне өткен жылғы нақты инфляцияны ескере отырып, шығындар, сондай-ақ 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 177-VII ҚРЗ «Табиғи монополиялар туралы» Заңындағы өзгерістер электр энергиясын беру мерзімі аяқталғанға дейін 5 жылға бекітілген тарифтерді түзету үшін қосымша шарттарды көздейді оның қолданылу мерзімі (ұлттық жобаларды іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту, желілерді балансқа не сенімгерлік басқаруға алу, орташа айлық номиналды жалақының өзгеруі);

- Кезең ішінде болған немесе жақын арада болуы мүмкін еншілес компаниялар үшін жағымсыз салдары бар елеулі өзгерістердің болмауы;

- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында орта мерзімді перспективада электр энергиясына сұраныстың болжамды өсуі.

«АлЭС» бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған қосымша фактілер мен жорамалдар:

- «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңына сәйкес стратегиялық тауарлардың түрі мен құны өзгерген кезде тарифтерді түзетуге байланысты 2023 жылғы 1 тамыздан бастап жылу энергиясына тарифті ұлғайту;

- Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 сияқты екі АлЭС электр станциясын жаңғырту жоспарлануда. Осы станциялардың консервациялауға немесе бөлшектеуге жататын көмір энергоблоктарының қолданыстағы активтерінің қалдық құны жаңа газ турбиналық/бу-газ энергоблоктарын пайдалануға беру сәтіне дейін нөлге тең болады;

- Кезең ішінде болған немесе жақын арада болуы мүмкін елеулі өзгерістердің болмауы және активтердің өтелетін құнына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

«АЖК» бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған қосымша фактілер мен болжамдар:

- 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметтің негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері бойынша жоспарды асыра орындау;

- Орта мерзімді перспективада Алматы қаласы мен Алматы облысында электр энергиясына сұраныстың болжамды өсуі;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша 2023 жылғы 23 маусымдағы №50-НҚҚДК бірлескен бұйрығына сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын беру тарифін ұлғайту;

- Бірыңғай сатып алушыдан және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығынан сатып алынған электр энергиясы бойынша шығыстар тарифтік сметаға енгізіледі;

- Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 177-VII Заңына өзгерістер енгізілді

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI ҚРЗ 5 жылға бекітілген электр энергиясын беру тарифтерін оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін түзетуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 08.12.2023 жылғы бұйрығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін қалыптастыру қағидаларына өзгерістер енгізілді, онда табиғи монополия субъектісінің қалауы бойынша жол берілетін пайда деңгейінің 50% - пайдалануға мүмкіндік беретін табиғи монополия салаларын реттеудің ынталандырушы әдісі жаңартылды тиімділік көрсеткіштерінің көрсетілген қағидалары.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Құнсыздандудың сыртқы және ішкі белгілерін талдау нәтижесінде компания басшылығы талдау жүргізілген күні құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, компания басшылығы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына және бірлескен кәсіпорынға инвестицияларға тест өткізбеу туралы шешім қабылдады.

«Ereymantau Wind Power» ЖШС

Компания Ерейментау қаласында 50 МВт ЖЭС салу жобасын іске асырудың кешігуіне және электр энергиясын сатуға арналған «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты «Ereymantau Wind Power» ЖШС бойынша құнсыздандудың жеке белгісін анықтады. Қазіргі уақытта сот тәртібімен мердігерлермен шартты бұзу және алдын ала төлемді қайтару бойынша жұмыс жүргізілуде. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Ereymantau Wind Power» ЖШС инвестициялары толығымен құнсызданған.

«№3 энергия блогын салу арқылы Екібастұз МАЭС-2-ні кеңейту және реконструкциялау»

2008 жылы ЕМАЭС-2-де қуаты 500 МВт № 3 энергия блогын салуға дайындық басталды. Кейіннен құрылыс жоспары қайта қаралды және 2016 жылға дейін Компания жобалық-сметалық құжаттаманы іске асыру, алдын ала құрылыс және қуаты 630 МВт жаңа № 3 энергия блогы үшін қажетті жабдықты сатып алу сатысында болды. 2016 жылғы 29 тамызда ЕМАЭС-2 № 3 энергия блогын салу мерзімін ауыстыруға байланысты ЕМАЭС-2 мен «КВАРЦ КЗ» ЖШС арасында жасалған № 3 энергия блогын салу жөніндегі бас мердігерлік шартты бұзды.

ЕМАЭС - 2 № 3 энергия блогының құрылысына байланысты бірқатар іс-шаралар өткізілді, соның ішінде:

- 2022 жылғы 14 наурызда нарық кеңесінің инвестициялық бағдарламаларды қарау жөніндегі комиссиясы уәкілетті органның қарауына «ЕМАЭС-2 станциясы» АҚ №3 энергия блогын салу арқылы, ЕМАЭС-2-ні кеңейту және реконструкциялау» инвестициялық бағдарламасын ұсынуға бірауыздан шешім шығарды.
- Станцияны Қытай Халық Республикасынан жабдықтарды қабылдауға және тиісті түрде сақтауға дайындау бойынша шаралар қабылданды, ангар үлгісіндегі жылытылатын ғимараттар салынды және қорғалатын қойма үй-жайлары бөлінді. Энергия блогына арналған технологиялық жабдықтың едәуір бөлігі қабылданды. Бұл ретте энергия блогының құрылысын аяқтау үшін жабдықтың жетіспейтін бөлігін дайындауға қосымша тапсырыс беру қажет. 2023 жылдың қараша айынан бастап Тапсырыс беруші инженер жабдықта техникалық аудит жүргізуде, оның қорытындысы бойынша жабдықтың техникалық жай-күйі айқындалатын болады.

2024 – 2030 жылдарға арналған электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгерімдеріне сәйкес генерациялайтын қуаттардың жеткіліксіздігіне байланысты Қазақстанның Энергетика министрлігі 2030 жылға қарай электр энергиясының айтарлықтай тапшылығын болжап отыр. Сондай-ақ 2030 жылға дейін жаңартылатын электр энергиясының едәуір көлемінің іске қосылуына байланысты реттеу үшін қосымша маневрлік қуаттардың құрылысы талап етіледі. Болжамды баланста электр энергиясы мен маневрлік қуат тапшылығын азайту үшін жаңа станция салу, оның ішінде ЕМАЭС-2-ні кеңейту және ЕМАЭС-3 жаңа станциясының құрылысы көзделген.

Топ басшылығы жоғарыда аталған фактілерді ескере отырып, қолда бар Қытай жабдықтарын а) ЭГРЭС-2-де маневрлік энергия блогын одан әрі салу үшін, сондай-ақ б) жаңа станция салу үшін ЕМАЭС-3 жабдықтарын сату мүмкіндігін қарастырады. Қазіргі уақытта Топ «ЕМАЭС-3-ті салу. I кезең» жобасы бойынша Алдын ала техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуде.

Балқаш ЖЭС (бұдан әрі – «БЖЭС»)

2019 жылғы 29 қазанда Компания Samsung C&T компаниясынан БЖЭС-тің 50%+1 акциясын сатып алды және БЖЭС-тің 100% үлесінің иесі болды. Сатып алу кезінде БЖЭС банкроттықтың алдында тұрды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмады. 2017 жылдан бастап несие берушілер мен жеткізушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігіне байланысты бірнеше рет сотқа жүгінді, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкелді, сонымен қатар БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 2019 жылдың 6 желтоқсанында сот шешімімен банкроттық процесін бақылау және жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

2022 жылғы 20 сәуірде «Банк ЦентрКредит» АҚ өтініші бойынша Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық соты (бұдан әрі - МАС) БЖЭС-ті банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Алматы облысының МАС 2022 жылғы 27 маусымдағы шешімімен БЖЭС-ті банкрот деп танудан бас тартты.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Жоғарғы Соттың Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен МАС шешімі өзгеріссіз қалды, «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның апелляциялық шағымы қанағаттандырылмай қалды. Соттардың пікірінше, БЖЭС-ті банкрот деп тану мемлекет тарапынан жобаның одан әрі тағдыры туралы шешімнің болмауына байланысты мерзімінен бұрын болып табылады және ҚР үкіметі жобаға қатысты теріс қорытынды қабылдаған жағдайда құны міндеттемелерді орындау нысанасы болуы мүмкін активтер мен негізгі құралдардың БЖЭС-те болуы туралы пайымдауларға, сондай-ақ жобаны қайта бастау перспективасына және борышкердің материалдық жағдайын қалпына келтіруге негізделген. кредиторлар алдындағы берешекті өтеу мүмкіндігі.

Өз кезегінде, БЖЭС қызметі 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен тоқтатылды, бтэс мүлкін кредиторлар алдындағы борышты өтеу есебіне аукцион арқылы кейіннен өткізу үшін кредиторлардың өтініштері бойынша сот орындаушылары және салық органдары толық көлемде сипаттап, тыйым салды. Осылайша, басшылықтың пікірінше, компанияның бақылауы жоқ және БЖЭС-ке инвестициялар толығымен құнсызданған.

5 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар

Байланысты тараптар анықтамасы ХҚЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» келтіріледі. Әдетте бір тараптың екіншісін бақылау мүмкіндігі болған жағдайда, ортақ бақылауда болғанда немесе бір тарап қабылдаған қаржылық және операциялық шешімдерге маңызды ықпал ете алатын немесе бірлескен бақылау жүргізетін жағдайда тараптар байланысты деп есептеледі. Тараптар байланысты болып табылатындығы туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынасының сипаты да назарға алынады. Негізгі компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарапы 1-ескертуде ашылған.

Байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекет компанияға бақылау жүзеге асырады. Компания мемлекетпен және оның байланысты тараптармен есеп айырысу бойынша жеке мүлдікті емес мәмілелер мен қалдықтар туралы ақпаратты ашудан босатуды қолдануға шешім қабылдады, өйткені Қазақстан мемлекеті бақылауды, бірлескен бақылауды жүзеге асырады немесе осындай тараптарға елеулі әсер етеді.

Компания мемлекет қатысатын ұйымдардың көбінен тауарларды сатып алады және жеткізеді.

Мұндай сатып алулар мен жеткізілімдер жеке-жеке аздаған соманы құрайды және әдетте коммерциялық негізде жүзеге асырылады. Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар берілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыз	-	-	38,808,336
Дебиторлық берешек	-	-	1,820
Берілген қарыздар бойынша алынатын сыйлықақылар	-	-	1,524,481
Алынатын дивидендтер	-	-	481
Кредиторлық берешек	-	787,684	146,820
Қарыздар және облигациялар	79,746,328	-	18,225,225

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар ұсынылды:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыз	-	-	51,198,130
Дебиторлық берешек	-	-	2,484
Берілген қарыздар бойынша алынатын сыйлықақылар	-	-	667,744
Алынатын дивидендтер	-	-	488
Кредиторлық берешек	-	719,616	309,362
Қарыздар және облигациялар	75,136,659	-	30,681,664

Акциялар эмиссиясы 11-ескертуде ашылды.

5 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар (жалғасы)

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар көрсетілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	36,347,285
Қаржылық табыстар	-	-	7,875,602
Қаржылық шығыстар	8,340,964	-	(2,848,796)
Активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар (нетто)	-	-	(14,746,139)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	(431,822)	(787,102)

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар көрсетілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	32,552,145
Қаржылық табыстар	-	-	9,103,385
Қаржылық шығыстар	(7,757,215)	-	(4,033,929)
Активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар (нетто)	-	-	(14,670,713)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	(237,649)	(785,847)

Төменде негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы берілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2023 ж.	2022 ж.
Негізгі басқарушы персонал - шығыстар	358,801	295,528
Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері – шығыстар	41,686	48,737
Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері – міндеттемелер	12,017	15,049

Негізгі басшы персоналдың сыйақысы қызметкерлердің жалақысын, сыйлықақыларын және басқа да қысқа мерзімді сыйақыларын және тәуелсіз директорларға – Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақыны білдіреді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқару персоналы 5 адамнан тұрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 5 адам). Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері 2023 жылғы 31 желтоқсанда 4 адам (2022 жылғы 31 желтоқсанда – 4 адам).

2023 жылғы 31 желтоқсанда Компания байланысты тараптардан мынадай кепілдіктер алды және байланысты тараптарға берілді:

- Қазақстан Даму банкінен қарыз шарты бойынша 12,285,000 мың теңге сомаға Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдігі (2022 жыл: 12,285,000 мың теңге);
- Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру жөніндегі жобаны қаржыландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның Еуропа қайта құру және даму банкімен («ЕҚДБ») қарыз шарты бойынша 130,000,000 мың теңге сомасына Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдігі. Сондай-ақ, Самұрық-Қазынаның пайдасына Самұрық-Энергодан АлЭС пен ЕҚДБ арасындағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде ЕҚДБ пайдасына Самұрық-Қазынаға берілген кепілдік шеңберінде 130,000,000 мың теңге мөлшерінде кепілдік шартына қол қойылды. Осы қарыз бойынша игеру жүргізілген жоқ;
- Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру жөніндегі жобаны қаржыландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның Азия даму банкімен қарыз шарты бойынша 98,000,000 мың теңге сомаға Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдігі. Сондай-ақ, Самұрық-Қазынаның пайдасына Самұрық-Энергодан АлЭС пен АДБ арасындағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде Азия даму банкінің пайдасына Самұрық-Қазынаға берілген кепілдік шеңберінде 98,000,000 мың теңге мөлшерінде кепілдік шартына қол қойылды. Осы қарыз бойынша игеру жүргізілген жоқ;
- Самұрық-Қазынадан Қазақстан Даму банкінің пайдасына Самұрық-Қазынаға берілген кепілдік шеңберінде Самұрық-Қазынаның пайдасына 117,000,000 мың теңге мөлшерінде корпоративтік кепілдік. Осы қарыз бойынша игеру жүргізілген жоқ.

6 Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың құны туралы ақпарат берілді:

			31 желтоқсан 2023ж.		31 желтоқсан 2022ж.	
	Сатып алған күні	Тіркеген ел	Инвестициялар құны (мың теңгемен)	Иелік ету үлесі	Инвестициялар құны (мың теңгемен)	Иелік ету үлесі
Еншілес ұйымдар						
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	31.10.2012	Қазақстан	331,003,748	100%	331,003,748	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	26.07.2011	Қазақстан	109,960,175	100%	34,061,653	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	29.07.2009	Қазақстан	67,576,169	97.4%	62,914,945	100%
Qazaq Green Power PLC	04.11.2022	Қазақстан	37,485,166	100%	37,942,209	100%
«Шардара СЭС» АҚ	03.06.2011	Қазақстан	2,524,772	100%	2,524,772	100%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,838,100	96.32%	1,838,100	96.32%
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%	136,003	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	16.03.2019	Қазақстан	107,449	100%	107,449	100%
«Ereymtau Wind Power» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	-	100%	948,771	100%
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялар						
Forum Muider B.V.	23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%	41,759,543	50%
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%	8,725,133	50%
Құнсызданған инвестициялар						
«Балқаш ЖЭС» АҚ (4-ескерту)	24.06.2008	Қазақстан	32,085,280	100%	32,085,280	100%
«Ereymtau Wind Power» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	9,253,541	100%	8,304,770	100%
«Шүлбі СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92.14%	1,230,658	92.14%
«Өскемен ГЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	465,019	89.99%	465,019	89.99%
«Энергия Семиречья» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	-	-	2,411,010	25%
Шегергенде:						
Инвестициялардың құнсыздануы			(43,034,498)		(44,496,737)	
Барлық инвестициялар			601,116,258		521,962,326	

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның мына бірлесіп бақылайтын кәсіпорындарда иелік ету үлесі бар:

- ЕМАЭС-2 ст. – 50%. Иелік етудің қалған 50%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.
- Forum Muider – 50%. Иелік етудің қалған 50%-ы UC RUSAL-ға тесілі.
- Forum Muider Limited – 50%. Иелік етудің қалған 50%-ы UC RUSAL-ға тесілі.

Forum Muider B. V.-ны АХҚО юрисдикциясына қайта даярлау мақсатында, 2023 жылғы 18 қазанда Кипр Республикасында Forum Muider Limited компаниясы құрылды. Forum Muider Limited акционерлері үлестері тең (акциялардың 50% -ы.) «Самұрық-Энерго» АҚ және «РУСАЛ» БК (РФ) болып табылады.

Qazaq Green Power PLC

2022 жылғы 4 қарашада Компания Qazaq Green Power PLC еншілес ұйымын (бұдан әрі – «QGP») «Астана» халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында жарғылық капиталы 48,000 мың теңге мөлшерінде «Public Company» ұйымдық-құқықтық нысанында тіркеді. 2022 жылғы желтоқсанда Компания QGP жарғылық капиталына «Мойнақ ГЭС» АҚ акцияларының толық пакетін және «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, «Samruk-Green Energy» ЖШС және «Қазгидротехэнерго» ЖШС қатысу үлестерін нарықтық құны 57,742,779 мың теңге мөлшерінде беру арқылы үлес қосты. Компания QGP-ге берілген инвестициялардың бастапқы құны бойынша 37,942,209 мың теңге сомасында инвестицияларды мойындады. 2023 жылы Компания QGP-ге «Жетісу энергиясы» ЖШС қауымдастырылған компаниясына қатысу үлесінің 25% - берді, бұл «Энергия Семиречья» ЖШС-ның құнсыздануына бұрын танылған резервке байланысты QGP инвестицияларының баланстық құнына әсер етпеді.

7 Берілген қарыздар және борыштық құралдарға салынған инвестициялар

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2023 ж.	31 желтоқсан 2022 ж.
<i>Ұзақ мерзімді бөлім</i>		
«О.Д.Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	12,000,000	18,000,000
«Шардара СЭС» АҚ облигациялары	9,700,000	12,600,000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	-	6,182,007
«First Heartland Jusan Bank» (бұрынғы – «ЦеснаБанк» АҚ) облигациялары	37,682	32,693
Шегергенде: құнсыздануға арналған резерв	(169,199)	(169,335)
Барлық берілген заем және борыштық құралдарға инвестициялар – ұзақ мерзімді бөлім	21,568,483	36,645,365
<i>Қысқа мерзімді бөлім</i>		
«Ereymentau Wind Power» ЖШС-ға берілген қарыз	9,447,096	1,770,000
«О.Д.Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	7,500,000	7,000,000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	6,794,254	-
«Ereymentau Wind Power» ЖШС-ға қаржылық көмек	4,100,000	3,881,768
«Шардара СЭС» АҚ облигациялары	2,900,000	2,900,000
«Бұқтырма ГЭС» АҚ-ға берілген қарыз	1,300,000	-
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйлықақылар	1,188,266	298,027
«Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген қарыз	377,301	377,301
Облигациялар бойынша есептелген сыйлықақы	348,807	378,133
«МЭБК» облигациялары	-	374,829
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30,390	30,390
«Т.И.Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» АҚ-ға берілген қарыз	5,442	5,442
Шегергенде: құнсыздануға арналған резерв	(15,177,150)	(1,383,726)
Барлық берілген заем және борыштық құралдарға инвестициялар – қысқа мерзімді бөлім	18,814,406	15,632,164
Барлық берілген заем және борыштық құралдарға инвестициялар	40,382,889	52,277,529

Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары

2019 жылғы 18 маусымда «О.Д.Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ (бұдан әрі – «МСЭС») жылдық 11% пайыздық мөлшерлемен номиналды құны 1,000 теңге бойынша 47,000,000 дана мөлшерінде купондық облигациялар шығарды және орналастырды. Облигациялар Қытайдың Мемлекеттік банкі алдындағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында шығарылды. Облигациялардың айналым мерзімі - 7 жыл. Облигациялар Астана халықаралық биржасында қамтамасыз етусіз шығарылды және Компания сатып алды. Есепті кезең ішінде МСЭС облигациялар шығарудың бекітілген шарттарына сәйкес 1,000 теңгенің номиналды құны бойынша 1,500,000 дана мөлшерінде сатып алынған купондық облигацияларды қайта сатты. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге 11%-дан қайта қаралды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша облигациялардың номиналды құнының қалдығы 19,500,000 мың теңгені құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 25,000,000 мың теңге).

«Шардара СЭС» АҚ облигациялары

2021 жылғы 26 қарашада Компания 6,5 жыл, купондық мөлшерлемесі жылдық 13%, 18,400,000 мың теңге сомасына АІХ алаңында шығарылған «Шардара СЭС» АҚ облигацияларын сатып алды. Облигациялар «Шардара СЭС» АҚ-ның Еуропа қайта құру және даму банкінің алдындағы қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатында сатып алынды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша облигациялардың номиналды құнының қалдығы 12,600,000 мың теңгені құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 15,500,000 мың теңге).

7 Берілген қарыздар және борыштық құралдарға инвестициялар (жалғасы)

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосалқы станциялар мен басқа объектілерді салу және қайта құру үшін 7,000,000 мың теңге мөлшерінде қарыз берді. Қарызды төлеу мерзімі – 2024 жылғы 21 қаңтар, тоқсан сайын төленетін пайыздық мөлшерлеме жылдық 2%-ды құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздың баланстық сомасы 6,773,789 мың теңгені құрады (2022 ж.: 6,228,315 мың теңге). Қарыздың баланстық құны 12.5% мөлшерлемесін қолдана отырып, дисконтталған келешек ақша құралдары ағындарының келтірілген құнын білдіреді. Алғашқы тану күніне қарыздың әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы табыс салығын есептемегендегі 3,675,691 мың теңге сомасындағы айырмашылықтың шамасы АЖК-ға салынатын қосымша инвестициялар ретінде танылды.

«Ereymantau Wind Power» ЖШС-ға берілген қарыз және қаржылық көмек

2021 жыл ішінде Компания «Ерейментау қаласының ауданында қуаты 50 мВт ЖЭС салу» инвестициялық жобасын іске асыру үшін жалпы сомасы 4,100,000 мың теңгеге «Ereymantau Wind Power» ЖШС (бұдан әрі – «EWP») қаржылық көмек көрсетті.

2022 жыл ішінде Компания EWP-ге 1,770,000 мың теңге сомасында қарыз берді.

Есепті кезең ішінде Компания EWP-ге 7,677,096 мың теңге сомасында қарыз берді, оның ішінде Еуразия даму банкі алдындағы қарыз бойынша берешекті өтеу үшін 6,626,296 мың теңге сомасында қарыз берді.

Бастапқы тану күніндегі қаржылық көмектің әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы айырмашылық EWP-ге қосымша инвестиция ретінде танылды.

Ерейментау қаласында 50 МВт ЖЭС салу жобасын іске асырудың кешігуі себебінен EWP төлем қабілеттілігінің белгісіздігіне және «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен сот процестеріне байланысты 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Ereymantau Wind Power» ЖШС берген қаржылық көмек пен қарыздарды толығымен құнсыздандырды. Сондай-ақ, 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша EWP-ге салынған барлық инвестициялар толығымен құнсызданған.

Берілген қарыздарды және борыштық құралдарға салынған инвестицияларды салыстырып тексеру

Төмендегі кестеде ұсынылған кезеңдердің әрқайсысы үшін қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын Компанияның активтеріндегі таза қарыз бен өзгерістердің сомасына талдау берілген. Осы міндеттемелердің баптары инвестициялық қызмет құрамында ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілді.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2023 ж.	2022 ж.
1 қаңтардағы жағдай бойынша берілген қарыздар және борыштық құралдарға салынған инвестициялар	52,277,529	73,449,639
Қарыздар және қаржылық көмек беру	20,977,096	5,248,700
Борыштық құралдарды сатып алу	8,099,614	-
Қарыздарды, қаржылық көмекті және сатып алынған облигацияларды өтеу	(21,900,000)	-(26,041,331)
Борыштық құралдарға берілген қарыздар мен инвестициялардан алынған пайыздар	(6,136,308)	(5,852,250)
Борыштық құралдарды сату	(7,068,959)	(384,600)
Берілген заемдар мен облигациялар және ноталар бойынша түскен пайыздық табыс	7,078,254	5,924,977
Берілген қаржылық көмек бойынша дисконт амортизациясы бойынша қаржылық кіріс	845,239	1,029,413
Құнсыздануға арналған резервті есептеу (нетто)	(13,793,288)	(704,443)
Қаржылық көмекті өзгертуден болған шығын	-	(392,576)
Өзге өзгерістер	3,712	-
31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген қарыздар және борыштық құралдарға салынған инвестициялар	40,382,889	52,277,529

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген қарыздар мен борыштық құралдарға салынған инвестициялар «Ereymantau Wind Power» ЖШС берген қарыздар мен қаржылық көмекті қоспағанда, 1-кезеңге жатқызылды, олар толығымен құнсызданған. (2022 жыл: «Ereymantau Wind Power» ЖШС берген 2-кезеңге жататын қарыздарды қоспағанда, борыштық құралдарға берілген барлық қарыздар мен инвестициялар 1-кезеңге жатқызылды).

8 Басқа ұзақ мерзімді активтер

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2023ж.	31 желтоқсан 2022ж.
Еншілес ұйымдарды сатып алушылардың дебиторлық берешегі	424,293	621,228
Қызметкерлердің өзге дебиторлық берешегі	18,823	42,945
Шегергенде: құнсыздандыруға арналған резерв	(106,418)	(101,783)
Барлық басқа қаржылық ұзақ мерзімді активтер	336,698	562,390

9 Басқа қысқа мерзімді активтер

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2023ж.	31 желтоқсан 2022ж.
Еншілес ұйымдарды сатып алушыларының дебиторлық берешегі	333,018	7,653,881
«Тауба Invest» ЖШС-ның дебиторлық берешегі	84,940	317,200
Алынатын дивидендтер	481	488
Қысқа мерзімі депозиттер	304	1,304
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	1,400,000
Шегергенде: құнсыздандыруға арналған резерв	(207,313)	(891,820)
Барлық қаржылық қысқа мерзімді активтер	211,430	8,481,053
Төленген аванстар	470,667	24,680
Басқалар	320,023	344,165
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	219,155	161,169
Төленетін салықтар	104,710	134,966
Қызметкерлердің басқа дебиторлық берешегі	46,437	55,582
Болашақ шығындар	(339,343)	(363,486)
Барлық басқа қысқа мерзімді активтер	1,033,079	8,838,129

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек негізінен Компанияның «ОЭСК Холдинг» ЖШС (бұрынғы «ВКЭК» ЖШС) сатып алған «ШҚ АЭК» АҚ акцияларын сатуын қамтиды. Есепті кезең ішінде «ОЭСК Холдинг» ЖШС дебиторлық берешегі 7,901,055 мың теңге сомасында толығымен өтелді.

10 Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2023 ж.	31 желтоқсан 2022 ж.
3 айға дейінгі мерзімге сатып алу және кері сату шарты («кері репо») бойынша ақшалай қаражат	17,336,336	9,999,119
3 айға дейінгі мерзімді депозиттердегі ақшалай қаражат - теңге	330,000	11,986,000
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - теңге	11,473	42,668
Кассадағы ақша қаражаты	4,873	3,681
Денежные средства на брокерских счетах – тенге	644	-
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - АҚШ доллары	472	-
Құнсызданған резервті шегергенде	(26)	(1,993)
Барлық ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	17,683,772	22,029,475

Қазынашылық портфельді әртараптандыру мақсатында, есепті күні Компания қысқа мерзімді кезеңге (1-7 күн) уәкілетті брокер арқылы егемендіктен төмен емес рейтингі бар өтімді бағалы қағаздар кепілімен ақшалай қаражатты орналастыру жөніндегі операциялар болып табылатын сатып алу және кері сату шарттарын («кері репо») пайдаланды. Бұл мәмілелер Компанияның кірістілігін арттыруға мүмкіндік берді.

10 Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері (жалғасы)

Қамтамасыз етумен ұсынылатын кредиттік тәуекелдің төмендеу дәрежесі (i) кепілмен қамтамасыз етілуі және кредит сапасын арттырудың өзге тетіктері активтің баланстық құнына тең немесе одан («артық қамтамасыз етілген активтер») және (ii) кепілмен қамтамасыз етілуі және кредит сапасын арттырудың өзге де тетіктері аз активтер үшін қамтамасыз ету құнын жеке ашу жолымен ұсынылған активтің баланстық құны («жеткіліксіз қамтамасыз етілген активтер»).

	Артық қамтамасыз етілген активтер		Жеткіліксіз қамтамасыз етілген активтер	
	Активтердің баланстық құны	Қамтамасыз етудің әділ құны	Активтердің баланстық құны	Қамтамасыз етудің әділ құны
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>				
31 желтоқсан 2023ж.				
Басқа банктермен бастапқы өтеу мерзімі үш айдан төмен болатын сатып алу және кері сату («кері РЕПО») шарттары	17,336,336	17,336,336	-	-
31 желтоқсан 2022ж.				
Басқа банктермен бастапқы өтеу мерзімі үш айдан төмен болатын сатып алу және кері сату («кері РЕПО») шарттары	9,999,119	9,999,119	-	-

Компания артық қамтамасыз етілген қысқа мерзімді кері РЕПО шарттарына қатысты күтілетін несиелік шығындарды мойындамады. Қамтамасыз ету айналымдағы мемлекеттік және квазимемлекеттік облигацияларды білдіреді.

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік тәуекел деңгейлері негізінде ақша қаражаттарының қалдықтары мен ақша қаражаттары баламаларының несиелік сапасына талдау келтірілген. Компанияның несиелік тәуекелді жіктеу жүйесінің сипаттамасы 21-ескертуде келтірілген.

	Корреспон- денттік шоттар	Банктегі депозиттер	Басқа банктермен кері РЕПО шарттары	Барлығы
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>				
- Жоғары деңгей	-	-	17,336,336	17,336,336
- Жақсы деңгей	12,589	330,000	-	337,743
- Қанағаттанаралық деңгей	-	-	-	-
Кассадағы ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражатының жиынтығы және олардың баламалары	12,589	330,000	17,336,336	17,678,925

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік тәуекел деңгейлері негізінде ақша қаражаттарының қалдықтары мен ақша қаражаттарының баламаларының несиелік сапасына талдау келтірілген. Компанияның несиелік тәуекелді жіктеу жүйесінің сипаттамасы 22-ескертуде келтірілген.

	Корреспон- денттік шоттар	Банктегі депозиттер	Басқа банктермен кері РЕПО шарттары	Барлығы
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>				
- Жоғары деңгей	-	-	9,999,119	9,999,119
- Жақсы деңгей	42,668	11,986,000	-	12,028,668
- Қанағаттанаралық деңгей	-	-	-	-
Кассадағы ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражатының жиынтығы және олардың баламалары	42,668	11,986,000	9,999,119	22,027,787

11 Акционерлік капитал

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, шығарылған 6,311,967 жай акциялар 443,567,998 мың теңге сомасында толық төленді (31 желтоқсан 2022ж.: 378,531,570 теңге мөлшерінде 5,632,537 акция). Әрбір жай акция бір дауысқа ие. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акцияларының саны - 8 602 187. ((31 желтоқсан 2022 года: 8,602,187 акций) 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2022 ж.: 100%).

2023 жылғы 1 шілдеде «Самұрық-Қазына» АҚ «Қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайта отырып Алматы 2-ЖЭО-ны жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ жарғылық капиталын толықтыру мақсатында, басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес жалпы сомасы 24,201,138 мың теңгеге ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 95,468 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 253,500 акциясын сатып алды.

2023 жылғы 11 тамызда «Самұрық-Қазына» АҚ 1 жай акция үшін 103,250 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 22,180 акциясын, 2023 жылғы 14 қарашада Алматы қаласында орналасқан электржелілік объектілерді беру арқылы жалпы сомасы 2,290,085 мың теңгеге сатып алды.

2023 жылғы 19 қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ 1 жай акция үшін 95,468 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 403,750 акциясын, «Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру» жобасын іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ жарғылық капиталын толықтыру мақсатында басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес жалпы сомасы 38,545,205 мың теңгеге ақша қаражатын беру арқылы сатып алды.

2023 жылғы 26 сәуірде Компания Жалғыз акционерге бір акция үшін 2,041,000 мың теңге – 362.36 теңге мөлшерінде дивидендтер төленетіні туралы жариялады (2022 жыл: 2,041,000 мың теңге). 2023 жылғы 29 мамырда «Самұрық-Энерго» АҚ Жалғыз акционерге 2,041,000 мың теңге (2022 жыл: 2,041,000 мың теңге) мөлшерінде жарияланған дивидендтерді толық төледі.

2022 жылғы 20 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес жалпы сомасы 2,485,643 мың теңгеге ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 80,899.7 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 30,725 акциясын сатып алды.

12 Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескерту	31 желтоқсан 2023ж.	31 желтоқсан 2022ж.
«Qazaq Gaz» АҚ алдындағы бағалау міндеттемесі		678,309	678,309
Жеткізушілер алдындағы берешек		517,312	661,703
Салықтар бойынша есептелген резервтер	21	-	1,425,750
Басқалар		470,078	487,373
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер жиыны		1,665,699	3,253,135

13 Қарыздар мен облигациялар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2023ж.	31 желтоқсан 2022ж.
Ұзақ мерзімді бөлігі		
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ қарызы	70,394,751	72,571,081
Облигациялар	40,122,505	40,113,235
Ұзақ мерзімді банк қарыздары	20,298,893	15,146,449
Қарыздардың барлық ұзақ мерзімді бөлігі	130,816,149	127,830,765
Қысқа мерзімді бөлігі		
Еншілес ұйымдардың қарыздары («ЕТҰ»)	15,274,500	29,905,606
Самұрық-Қазынадан алынған қарыз	9,175,363	2,381,109
Есептелген пайыздар – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және ЕТҰ қарыздары	3,126,940	960,527
Есептелген пайыздар - банктік қарыздар	462,275	1,054,029
Есептелген пайыздар-облигациялар	413,566	413,567
Қысқа мерзімді банктік қарыздар	288,100	12,462,014
Қарыздар мен облигациялардың барлық қысқа мерзімді бөлігі	28,740,744	47,176,852
Барлық қарыздар мен облигациялар	159,556,893	175,007,617

Төменде аталған қарыздардың баланстық және әділ құнының талдауы келтірілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2023ж.		31 желтоқсан 2022ж.	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ мен ЕТҰ қарыздары	97,971,554	81,369,419	105,818,323	85,586,643
Банк қарыздары	21,049,268	21,049,267	28,662,492	28,662,492
Облигациялар	40,536,071	34,513,754	40,526,802	32,344,330
Барлық қарыздар	159,556,893	136,932,440	175,007,617	146,593,465

Самұрық-Қазына

2010 жылғы 17 наурызда Forum Muider-ден 50% үлесті сатып алу нәтижесінде қарызды қайта қаржыландыру мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз жылына 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлемен, өтеу мерзімі 2029 жылғы 15 қыркүйекке дейін берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең төлеммен өтелуді тиіс, ал пайыздар қарыз алынғаннан кейін келесі есептік жылдан бастап жарты жылдық төлемдермен төленеді.

2011 жылғы 14 қаңтарда «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қосалқы станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-пен 7,000,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз жылына 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлемен, өтеу мерзімі 2024 жылғы 25 қаңтарға дейін берілді. Негізгі сома мерзім соңында, ал пайыздар жарты жылдық төлемдермен төленуі тиіс. 2021 жылғы 25 қаңтарда Компания 205,746 мың теңге сомасында негізгі қарызды ішінара өтеді.

2014 жылғы 16 қаңтарда ЕМАЭС-1-дің қалған үлесін сатып алу мақсатында Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-мен 200,000,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Негізгі сома 2028 жылдың 1 желтоқсанына дейін төленуі тиіс, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесімен жарты жылдық төлемдермен төленеді.

2014 жылғы 3 қазанда негізгі борыш сомасы 100,000,000 мың теңге мөлшерінде компанияның акцияларына айырбасталды. Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 9%-ға дейін көтерілді.

2015 жылғы 25 желтоқсанда негізгі борыш сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1%-ға дейін төмендетілді, бұл қарыз шарттарындағы елеулі өзгеріс болды. Қарыз алу күніндегі нарықтық мөлшерлеме жылдық 12.8%-ды құрады. Компания басқа капиталдың құрамында 72,581,903 мың теңге сомасында қарызды бастапқы танудан түскен табысты мойындады.

13 Қарыздар мен облигациялар (жалғасы)

Банктік қарыздар: Еуропа қайта құру және даму банкі

2016 жылғы желтоқсанда Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 миллион еуро мөлшерінде жаңартылмайтын кредиттік желіні ашты. 2019 жылғы қыркүйекте Компания аталған кредиттік желі аясында 39,114,450 мың теңге жалпы сомасына екі транш алды. Пайыздық мөлшерлеме All-in-cost кредит берудің тәуелсіз индикативтік мөлшерлемесі негізінде белгіленеді және жылдық 3.5% және 4.5% маржамен беріледі. Тәуелсіз индикативтік мөлшерлеменің өзгеруі тоқсан сайынғы негізде тіркеледі. Негізгі қарыз жылына екі рет және мерзім соңында төленеді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) алдындағы қарызын толығымен өтеді.

Банктік қарыздар: Азия даму банкі

2018 жылғы 8 қарашада және 5 желтоқсанда Компания Азия даму банкінде негізгі қызмет түрлерінің операциялық тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерімен байланысты мүмкіндіктерді сәйкестендіру мақсатында 120 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылмайтын кредиттік желі ашты. 2019 жылы Компания кредиттік желілер бойынша жалпы сомасы 45,860,800 мың теңгеге үш транш алды, А және В транштарының өтеу мерзімі 5 жылдан кейін, С траншының өтеу мерзімі - 7 жыл. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасының нақты инфляциялық көрсеткіштерінің өсімі, сонымен қатар банк маржасы негізінде белгіленеді. (А және В Транштары бойынша 3.75%, С траншы бойынша - 4.50%). 2022 жылы А және В транштары мерзімінен бұрын толық өтелді.

Банктік қарыздар: Еуразия даму банкі

2023 жылғы 30 маусымда Компания Еуразия даму банкінен 2034 жылғы 31 қазанда өтеу мерзімімен 6,626,296 мың теңге сомасына қарыз алды. Нысаналы мақсаты - еншілес ұйымның Еуразия даму банкі алдындағы негізгі борышын өтеу мақсатында «Ereumentau Wind Power» ЖШС-ға қарыз беру. Пайыздық мөлшерлеме - жылдық 11.5%, 2026 жылғы 31 қазанға дейін. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап негізгі борыш толық өтелгенге дейін пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің және жылдық 2.25% маржаның сомасына тең.

Банктік қарыздар: Қазақстан Халық Банкі және Береке Банкі

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да 4,000,000 мың теңге сомаға қарызды және «Береке Банк» АҚ-да 7,000,000 мың теңге сомаға қарызын өтеді.

«Богатырь-Көмір» ЖШС-дан алған қарыз

2022 жыл ішінде Компания «Богатырь Көмір» ЖШС-дан (Forum Muider Бас компаниясының бірлескен кәсіпорнының еншілес компаниясы) қарыз мерзімінің соңында негізгі борыш пен сыйақыны өтеу шартымен 12 ай мерзімге жалпы сомасы 12,482,770 мың теңгеге қарыз алды. 2023 жылғы қарашада қарыздар мерзімі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің транштар берілген күнгі базалық мөлшерлемесіне тең жылдық сыйақы мөлшерлемесі ұлғайып, оған қоса жылдық 3% маржа (2022 жылғы 31 желтоқсанда: маржа жылдық 1% -. құрады) 1 жылға ұзартылды.

Шығарылған облигациялар

2017 жылғы тамызда және қыркүйекте Компания бес жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналдық құны 1000 теңге болатын жалпы сомасы 20,000,000 мың теңге және 28,000,000 мың теңгеге облигациялар шығарып, жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме тиісінше жылдық 13%-ды және 12.5%-ды құрады, сәйкесінше жылына екі рет және тоқсан сайын төленуі тиіс.

2018 жылғы қарашада Компания жеті жыл мерзімге 1 облигация үшін 1000 теңге номиналдық құны бойынша 21,736,200 мың теңге жалпы сомасында облигацияларды шығарды және жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11,2%-ды құрады және жылына екі рет төлеуге жатады.

2021 жылғы 25 қарашада Компания 6.5 жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналдық құны 100,000,000 теңге болатын жалпы сомасы 18,400,000 мың теңгеге 184 дана жасыл облигацияны орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11.4% құрады және жылына екі рет төленеді.

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардан қарыздар (ЕТҰ, СҚО): ЕМАЭС-1 және МСЭС

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания ЕМАЭС-1 және МСЭС алдындағы қалған қарыздарын тиісінше қаржылық көмектің реверсивті желілері шеңберінде 13,000,000 мың теңге және 1,600,000 мың теңге сомаға толығымен өтеді.

13 Қарыздар мен облигациялар (жалғасы)

Қарыздарды салыстыру

Төмендегі кестеде таза қарыздың мөлшері және Компанияның қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын міндеттемелерінің өзгеруі көрсетілген кезеңдердің әрқайсысына талдау келтірілген. Осы міндеттемелердің баптары қаржылық қызмет бөлігі ретінде ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте көрсетілді.

Қазақстан теңгесімен, мың	2023ж.	2022ж.
1 қаңтардағы заем	175,007,617	197,821,632
Алынған қарыздар мен облигациялар бойынша түсімдер	8,820,218	54,636,771
Қарыздар мен облигацияларды өтеу	(32,344,168)	(84,427,246)
Төленген сыйақылар	(9,756,504)	(15,142,234)
Сыйақыны есептеу	11,331,162	15,363,648
Келтірілген құн дисконтын жою	8,004,553	9,589,999
Алынған қарыздарды ұйымдастырған кездегі дисконт	(1,532,898)	(628,710)
Дисконт модификациясының әсері	24,808	-
Алынған қаржылық көмек модификациясынан түскен кіріс	-	(2,206,243)
Бағам айырмасынан шеккен залал, нетто	2,105	-
31 желтоқсандағы қарыздар мен облигациялар	159,556,893	175,007,617

14 Дивидендтер бойынша табыс

Қазақстан теңгесімен, мың	2023ж.	2022ж.
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-дан түскен дивидендтер	29,000,000	29,000,000
«Бұқтырма СЭС» АҚ дивидендтері	6,011,633	1,517,571
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ дивидендтері	1,052,246	-
«Energy Solutions Center» ЖШС дивидендтері	183,406	34,903
«Шардара СЭС» АҚ дивидендтері	100,000	-
«БЖЭС» ЖШС дивидендтері	-	1,550,822
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ дивидендтері	-	436,631
«Samruk-Green Energy» ЖШС дивидендтері	-	12,218
Дивидендтер бойынша барлық табыс	36,347,285	32,552,145

15 Өзге операциялық кірістер мен шығыстар (нетто)

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерту	2023 ж.	2022 ж.
Еншілес компаниялар мен қауымдасқан ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануы	4, 6	(948,771)	(13,953,974)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануы		(114,440)	-
«Qazaq Gaz» АҚ алдындағы бағалау міндеттемелері бойынша шығыстар		-	(678,309)
Өзге кірістер		5,460	39,799
Өзге шығыстар		(490)	(24,835)
Барлық өзге операциялық шығыстар (нетто)		(1,058,241)	(14,617,319)

16 Жалпы және әкімшілік шығыстар

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерту	2023 ж.	2022 ж.
Еңбекақы және онымен байланысты шығыстар		3,157,321	3,251,024
Ақпараттық жүйелерге көрсетілетін қызмет пен қауіпсіздік		717,232	583,378
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы		490,573	468,856
Мамандандырылған кеңсеге қызмет көрсету қызметтері		432,723	446,823
Консультациялық, аудиторлық және өзге де кәсіби қызметтер		421,940	164,920
Салықтар		158,774	195,025
Қауіпсіздік қызметтері		145,553	146,944
Іссапар шығындары		133,289	113,161
Қызметкерлерді оқыту және байланысты шығындар		126,632	77,348
Мүшелік жарналар		74,795	59,558
Сақтандыру		49,965	48,948
Байланыс шығындары		24,744	24,358
Салықтар бойынша резервті (қалпына келтіру)/ есептеу	21	(1,331,948)	1,425,740
Басқа		233,411	167,187
Барлық жалпы және әкімшілік шығыстар		4,835,004	7,173,270

Салықтар бойынша резервті (қалпына келтіру)/ есептеу 2017 жылғы салықтық тексеру нәтижелері бойынша 2023 жылғы желтоқсанда алынған ҚР Қаржы министрлігі апелляциялық комиссиясының шешіміне сәйкес Компанияның резервін қалпына келтіруді 1,331,948 мың теңге сомасында ұсынады (21-ескерту).

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті аудиторлық тексергені үшін Компанияның аудиторға төлейтін сыйақысы 47,948 мың теңгені құрады (2022 жыл: 45,045 мың теңге).

17 Қаржылық активтердің (құнсыздануынан болған залал)/құнсыздануын қалпына келтіру (нетто)

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерту	2023 ж.	2022 ж.
Берілген қарыздар мен қаржылық көмектің құнсыздануынан болған залал	7	(13,793,288)	(704,443)
(Құнсызданудан болған шығын)/басқа ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануын қалпына келтіру		(4,634)	500,638
Басқа қысқа мерзімді активтердің құнсыздануын қалпына келтіру		797,015	510,263
Өзге		1,967	(986)
Қаржылық активтердің (құнсыздануынан болған залал)/құнсыздануын қалпына келтіру (нетто)		(12,998,940)	305,472

18 Қаржылық табыстар

Қазақстан теңгесімен, мың	2023 ж.	2022 ж.
Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық табыстар	7,078,254	5,924,977
Банк депозиттері бойынша пайыздық табыс	1,576,076	233,900
Қаржылық активтер бойынша дисконттың амортизациясы	1,231,726	1,562,966
Алынған қарыздарды бастапқы тану кезіндегі кіріс	1,075,854	-
Берілген кепілдіктер бойынша табыс	55,945	66,059
Қарыздарды өзгертуден түскен табыс	-	2,206,243
Өзгелер	3,208	9,872
Барлық қаржылық табыс	11,021,063	10,004,017

19 Қаржылық шығыстар

Қазақстан теңгесімен, мың	2023 ж.	2022 ж.
Қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақыға жұмсалатын шығыстар	11,331,162	15,363,648
Қаржы құралдары бойынша келтірілген құн дисконты амортизациясы	8,004,553	9,589,999
Жалдау бойынша дисконттың амортизациясы	218,994	160,045
Қаржылық көмекті өзгерту бойынша шығыстар	24,808	392,576
Өзгелер	59,811	166,999
Барлық қаржылық шығыстар	19,639,328	25,673,267

20 Табыс салығы

Қазақстан теңгесімен, мың	2023 ж.	2022 ж.
Ағымдағы табыс салығы	154,500	49,641
Табыс салығы бойынша барлық шығыстар	154,500	49,641

Төменде салық бойынша теориялық және нақты шығыстар салыстырылып берілген:

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерту	2023 ж.	2022 ж.
ХҚЕС бойынша салық салғанға дейінгі пайда		8,836,835	(4,602,222)
Қолданыстағы 20% мөлшерлеме бойынша табыс салығының теориялық шығыны/ (2022 ж.: 20%)		1,767,367	(920,444)
Мыналарға түзетулер:			
Дивидендтер бойынша табыстар		(7,269,457)	(6,510,429)
Төлем көзінен ұсталған табыс салығы		154,500	49,641
Басқа шегерілмейтін шығыстар		139,628	359,228
Салықтар бойынша резервті қалпына келтіруге байланысты басқа да шегерілмейтін шығыстарды түзету		(266,390)	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылмаған активтердегі өзгерістер		4,361,808	(3,293,743)
Тұрақты айырмашылықтар: активтерді қайта құрылымдау (6-ескерту)	6	-	7,294,502
Өткен жылдардағы түзетулер, соның ішінде кейінге ауыстырылған салық залалдарының ескіру мерзімінің өтуіне байланысты		1,267,044	3,070,886
Табыс салығы бойынша барлық шығыстар		154,500	49,641

ХҚЕС пен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар бухгалтерлік есеп пен олардың салық базасындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасы арасындағы уақыт айырмашылықтарының туындауына әкеледі. Уақыт айырмашылықтары өзгерістерінің салыққа әсері төменде салық мөлшерлемелеріне сәйкес көрсетілген, олар уақыт айырмашылықтарын қалпына келтіру кезеңінде қолданылатын болады.

20 Табыс салығы (жалғасы)

Төменде салық бойынша теориялық және нақты шығындарды салыстыру берілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	1 қаңтар 2023ж.	Пайда мен залалдар есебіне жатқызылды	31 желтоқсан 2023ж.
Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салыққа әсері			
Кейінге қалдырылған салық шығындары	7,976,766	440,658	8,417,424
Берілген қарыздар және қарыз құралдарына инвестициялар	502,776	2,454,517	2,957,293
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	3,214,608	127,061	3,341,669
Өзге дебиторлық берешек	571,858	(184,581)	387,277
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы активтер	12,266,008	2,837,655	15,103,663
Танылмаған салық активтері	(2,205,555)	(4,361,809)	(6,567,364)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелермен есептен шығару	(10,060,453)	1,524,154	(8,536,299)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған активтер	-	-	-
Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері			
Негізгі құралдар	(254,067)	(51,732)	(305,799)
Заемдар	(9,806,386)	1,575,886	(8,230,500)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы міндеттемелер	(10,060,453)	1,524,154	(8,536,299)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтермен есептен шығару	10,060,453	(1,524,154)	8,536,299
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер	-	-	-

20 Табыс салығы (жалғасы)

Компания төлем көзіне салынатын табыс салығының табыстарынан басқа, таяу болашақта салық салынатын табыс табуды жоспарламайды.

Қазақстан теңгесімен, мың	1 қаңтар 2022ж.	Пайда мен залалдар есебіне жатқызылды	31 желтоқсан 2022ж.
Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салыққа әсері			
Кейінге қалдырылған салық шығындары	13,651,940	(5,675,174)	7,976,766
Берілген қарыздар және қарыз құралдарына инвестициялар	489,255	13,521	502,776
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	2,069,224	1,145,384	3,214,608
Өзге дебиторлық берешек	828,195	(256,337)	571,858
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы активтер	17,038,614	(4,772,606)	12,266,008
Танылмаған салық активтері	(5,499,298)	3,293,743	(2,205,555)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелермен есептен шығару	(11,539,316)	1,478,863	(10,060,453)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған активтер	-	-	-
Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері			
Негізгі құралдар	(299,300)	45,233	(254,067)
Қарыздар	(11,240,016)	1,433,630	(9,806,386)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы міндеттемелер	(11,539,316)	1,478,863	(10,060,453)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтермен есептен шығару	11,539,316	(1,478,863)	10,060,453
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер	-	-	-

21 Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

Операциялық орта

2022 жылдың 24 ақпанында Ресей Украинаға әскери шабуыл жасады. Шапқыншылыққа жауап ретінде АҚШ, Еуропалық Одақ және басқа да бірқатар мемлекеттер Ресейге қарсы кең ауқымды санкциялар енгізді, соның ішінде Ресей банктеріне Swift жүйесін пайдалануға тыйым салынды.

Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады. Ресей сонымен қатар мұнайдың 80%-ына дейін экспортқа тасымалданатын Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы негізгі сауда транзиті болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан билігі мұнай экспорты бойынша, оның ішінде Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) құбыры арқылы баламалы бағыттарды қарастыруда, алайда бұл бастамаларды іске асыру инфрақұрылымға қомақты инвестицияларды талап етеді.

2023 жылғы қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның «BBB-» деңгейіндегі егеменді рейтингін «тұрақты» болжаммен растады, бұл рейтинг сыртқы күйзелістерге төзімді күшті бюджеттік және сыртқы теңгерімдерді, сондай-ақ мұнай кірістерінен жинақталған жинақтармен нығайтылған қаржыландырудың икемділігін көрсетеді. Бұл күшті жақтар шикізатқа жоғары тәуелділікпен, «BBB» санатындағы ұқсас елдермен салыстырғанда ішінара аз дамыған макроэкономикалық саясатты, сондай-ақ басқарудың әлсіз көрсеткіштерін көрсететін жоғары инфляциямен салыстырылады. Шикі мұнай мен мұнай конденсаты әлі де бюджеттік кірістер мен экспортқа ең көп үлес қосады бұл экспорт ЖІӨ-нің 17%-ын құрайды, бұл экономиканы сыртқы күйзелістерге ұшыратуы мүмкін. Экономиканы ертаратандыру бойынша күш-жігер жұмсалуда, оны іске асыруға бизнес-ортаға және білікті кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты туындаған проблемаларға байланысты уақыт қажет болады.

21 Шартты және шарттық міндеттемелер және операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Бұл ерекшеліктерге сонымен қатар елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валюта және бағалы қағаздар нарығының өтімділігінің төмен деңгейі кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

Осы есептің күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми айырбастау бағамы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 451.03 теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңге).

Инфляция деңгейі ақпан айында 21.3% шыңына жеткеннен кейін 2023 жылдың желтоқсанында 9.8% құрады 2023 жыл. 2023 жылы экономиканың өсуі 4.8% - 4 құрады және сарапшылардың болжауынша, алдағы үш жылда ұлттық экономиканың өсу қарқыны жылына орта есеппен 4% - дан аз болады.

Экономикалық орта компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық компанияның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, ал басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы тау-кен секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшырайды. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары айтарлықтай дәрежеде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, яғни компанияның бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты болады.

Компания басшылығы экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді бақылайды және жақын арада компанияның тұрақтылығы мен бизнесін дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды.

Салық заңнамасы

Қазақстан Республикасындағы салық шарттары өзгеруге және дәйексіз қолдануға және түсіндіруге бейім. Атап айтқанда, жер қойнауын пайдалануға арналған ағымдағы келісімшарттардың 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық тұрақтылығы болмайды және салық міндеттемелері жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен есептеледі, бұл жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық позицияларының, оның ішінде Компанияның позициясының қолайсыз өзгеруіне әкелуі мүмкін. Компания мен қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдар мен ережелерді түсіндіруіндегі сәйкессіздіктер қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкелуі мүмкін.

Қазақстан заңнамасы мен салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында, сондықтан әртүрлі түсіндірулерге және кері күшке ие болуы мүмкін жиі өзгерістерге ұшырайды. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны айқындау мақсатында салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХҚЕС-тың тиісті ережелерін түсіндіруі осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық қолданған есеп саясаттарынан, пайымдаулардан және бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін, бұл компанияда қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкелуі мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

Компания басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы және компанияның салықтық ұстанымы негізделген деп санайды. Компания басшылығының пікірінше, Компания осы қаржылық есептілікте қалыптасқан резервтерден асатын ағымдағы және ықтимал салық талаптары бойынша айтарлықтай шығынға ұшырамайды.

2020 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – «МКК») көлденең мониторингті енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты, ол 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Мәселен, 2022 жылы МКК көлденең мониторинг бойынша пилоттық жоба шеңберінде бес жылдық кезеңдегі тарихи деректерді зерделеу жүргізілді, оның қорытындысы бойынша салықтық тексеру жүргізілді және салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама қойылды. Алдын ала салықтық тексеру актісінің нәтижелері бойынша 2022 жылы Компания 1,425,740 мың теңге сомасына салықтар бойынша резервті таныды. Компания өзінің келіспейтіндігін білдірді, соттарға және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің апелляциялық комиссиясына шағымдар мен шағымдар берілді. 2023 жылғы желтоқсанда апелляциялық комиссияның шешімі шағымның негізгі сомалары бойынша компанияның пайдасына шықты (16-ескерту).

Сот талқылаулары

Компания күделікті қызметін жүзеге асыру барысында туындаған өзге де белгілі бір сот процестеріне қатысады. Басшылықтың пікірінше, қазіргі уақытта нәтижелері Компанияның қаржылық жағдайына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін басқа да сот процестері немесе басқа аяқталмаған шағымдар жоқ.

21 Шартты және шарттық міндеттемелер және операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Қарыздар бойынша ковенанттар

Компанияның қарыздар мен облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Осы ковенанттарды сақтамау Компания үшін жағымсыз салдарға, соның ішінде қарыздар бойынша шығындардың өсуіне және дефолтты жариялауға әкелуі мүмкін. 2023 және 2022 жылдың қорытындысы бойынша Компания қарыздар бойынша ковенанттарды орындады.

22 Қаржы тәуекелдерін басқару

Қаржы тәуекелі факторлары

Компания қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге әкеледі: нарықтық тәуекел (оның ішінде валюталық тәуекел, пайыздық мөлшерлеме өзгерісінің әсер ету тәуекелі), несиелік тәуекелі және өтімділік тәуекелі. Компания деңгейіндегі тәуекелдерді басқару бағдарламасы көзделмеген қаржылық нарықтарға шоғырландырылған және Компанияның қаржы нәтижелеріне әлеуетті жағымсыз әсерін барынша азайтуға бағытталған. Компания тәуекелге ұшырауды хеджирлеу үшін қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Тәуекелдерді басқаруды басшылық тәуекелдерді басқару принциптерін белгілейтін және несиелік тәуекел, өтімділік тәуекелі және нарықтық тәуекел сияқты нақты бағыттарды қамтитын саясатқа сәйкес жүзеге асырады.

(а) Кредит тәуекелі

Компания тараптардың бірі қаржы құралы арқылы жасалатын операциялар шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін екінші тараптың қаржылық шығын тартуына себепкер тәуекел болып табылатын кредиттік тәуекелге ұшырайды.

Кредит тәуекелі Компанияның контрагенттермен жасалатын кредиттік және басқа да операциялары нәтижесінде туындайды, соның салдарынан қаржылық активтер туындап отырады.

Компанияның ең жоғарғы кредиттік тәуекел деңгейі қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық активтердің теңгерімдік құнынан көрінеді.

Кредиттік тәуекелді басқару.

Кредиттік тәуекел Компания бизнесі үшін барынша елеулі тәуекел болып табылады. Сондықтан да басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше көңіл бөледі.

Тәуекелдерді басқару мақсатында кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процесс болып табылады және нақты модельдерді пайдалануды талап етеді, себебі тәуекелдер нарық жағдайына, күтілетін ақшалай қаражат айналымына және уақыт ағымына тәуелді. Активтер портфелі бойынша кредиттік тәуекелді бағалау дефолт болу ықтималдылығына байланысты қосымша бағалауды, тиісті шығын коэффициенттерін белгілеуді және контрагенттер арасындағы дефолт жағдайларына түзетулер жасауды талап етеді.

Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі

Кредиттік тәуекелді бағалау және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржы құралдарын жіктеу мақсатында Компания екі тәсілді қолданады: тәуекелдер негізіндегі рейтингтердің ішкі жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктер (Standard & Poor's [S&P], Fitch, Moody's) бағалайтын тәуекел деңгейлерін бағалау. Ішкі және сыртқы кредиттік рейтингтер дефолттың басталу ықтималдығының белгілі бір ауқымы бар бірыңғай ішкі шкала бойынша жасалады. Тәуекелдерге негізделген рейтингтердің ішкі жүйесі ішкі даму болып табылады және рейтингтерді басшылық бағалайды. Компания активтердің класына байланысты несиелік тәуекелді бағалаудың әртүрлі әдістерін қолданады.

Компания ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелді бағалау үшін тәуекелдер негізінде ішкі рейтингтік жүйелерді қолданады.

Рейтинг модельдері жиі қайта қаралып отырады, дефолттар туралы нақты деректер негізінде бэк-тестілеуден өткізіледі және қажеттілік туған жағдайда жаңартылып отырады. Қолдану әдістемесіне қарамастан Компания рейтинг нақтылығын растап отырады, модельдердің болжамдық қабілеттерін есепке алып, бағалап отырады.

Сыртқы рейтингтер S&P, Moody's и Fitch секілді тәуелсіз халықаралық рейтинг агенттіктерінің контрагенттері арқылы беріледі. Бұл рейтингтер ашық түрде, қол жетімді. Мұндай рейтингтер және дефолттың болу ықтималдылығының тиісті диапазондары барлық қаржылық активтер үшін қолданылады, тек саудалық дебиторлық берешек пен ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер өзгеше қаралады.

22 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі

Кредиттік тәуекелді бағалау және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржы құралдарын жіктеу мақсатында Компания екі тәсілді қолданады: тәуекелге негізделген ішкі рейтинг жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің (Standard & Poor 's [S&P], Fitch, Moody' s) тәуекел деңгейлерін бағалауы. Ішкі және сыртқы кредиттік ұлайлар төмендегі кестеде көрсетілгендей дефолт ықтималдығының белгілі бір диапазоны бар ішкі бірыңғай шкаламен салыстырылады:

Бірыңғай шкала бойынша кредиттік тәуекел деңгейі	Тиісті ішкі рейтингтер	Сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің тиісті рейтингтері (S&P)	Дефолт ықтималдығының тиісті аралығы
Жоғары деңгей	SK_A	AAA-, A-	0,01% – 0,15%
Жақсы деңгей	SK_B	BBB+/-, BBB-	0,16% – 0,75%
Қанағаттанарлық деңгей	SK_C	BB+/-, BB-	0,76% – 17,40%
Арнайы мониторингті қажет етеді	SK_D	B+/-, CCC	17,41% – 99,9%
Дефолт		D	100%

Кредиттік тәуекелдің әрбір деңгейіне бірыңғай шкала бойынша төлем қабілеттілігінің белгілі бір дәрежесі беріледі.

- **Жоғары деңгей** – күтілетін несиелік тәуекелі төмен жоғары несиелік сапа.
- **Жақсы деңгей** - орташа кредиттік тәуекелі бар жеткілікті кредиттік сапа.
- **Қанағаттанарлық деңгей** – қанағаттанарлық кредиттік тәуекелі бар орташа креиттік сапа.
- **Арнайы бақылауды қажет етеді** – мұқият бақылауды және қалпына келтіруді басқаруды қажет ететін кредиттеу механизмдері.
- **Дефолт** – дефолт басталған кредиттеу механизмдері.

Күтілетін кредит шығындарын бағалау (КШБ).

Күтілетін кредиттік шығындар – ықтималдылық деңгейі ескеріле отырып, болашақ алынбаған ақшалай қаражат құны есептелген бағалау нысаны (яғни белгілі бір кезең ішінде туындаған дефолттың тиісті тәуекелдері пайдаланылып есептелген кредиттік шығындардың орташа өлшемдік шамасы). Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау объективті болып табылады және туындауы мүмкін шешімдер ауқымы есебімен анықталады. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау Компанияда қолданылатын төрт компонент негізінде орындалады: дефолт ықтималдылығы, кредиттік талап көлемі, тәуекелге негізделген дефолт, дефолт жағдайындағы шығын және дисконттау мөлшерлемесі.

Дефолт сәтіндегі берешек – есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасында болуы мүмкін өзгерістер ескеріліп дефолттың болашақ болар күні тәуекелін бағалау, негізгі қарыз сомасы мен пайыздарын өтеу, және кредиттік міндеттемелер бойынша қаражатты пайдалану қоса ескеріледі. Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша дефолт сәтіндегі берешек кредиттік конверсия коэффициенті арқылы (CCF) бағаланады. Кредиттік конверсия коэффициенті – белгілі бір уақыт кезеңіндегі шарт бойынша міндеттемелер сомасының теңгерімдік міндеттемеге қатысты конверсия ықтималдылығын көрсететін коэффициент. **Дефолт ықтималдылығы (PD)** - белгілі бір уақыт кезеңіндегі дефолттың туындау мүмкіндігін бағалау. **Дефолт жағдайындағы шығын (LGD)** – дефолт кезіндегі туындайтын шығынды бағалау. Бұл шама шартта көзделген төлеуге бағытталған ақшалай қаражат ағыны мен кредитордың алуы күтілетін ақша арасындағы айырмаға негізделеді. Өдетте бұл көрсеткіш дефолт кезіндегі берешек пайызымен (EAD) белгіленеді. Күтілетін шығындар есепті мерзім аяғындағы көрсетілген құнға сәйкес дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржылық құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемні (ТПМ) немесе оған ұқсас шаманы білдіреді.

Күтілетін кредиттік шығындар қаражат құралының барлық қолданыс мерізімі ішінде модельденеді. Құралдың барлық қолданыс мерзімі шарттың күтпеген мерзімінен тыс өтелуін есепке алғанда, егер ондай болған болса, қарыз құралдарын өтеу мерзіміне дейінгі қалған қолданыс мерзіміне тең.

«**Барлық мерзім бойынша күтілетін кредиттік шығындар**» басқару моделінде ретінде қаржылық құралдың қалған қолданыс мерізімі ішіндегі барлық мүмкін болаарлық дефолт жағдайларының туындауы нәтижесінде пайда болатын шығындар бағаланады. «**12 айда күтілетін кредиттік шығындар**» моделі қаржылық құралдар бойынша есепті кезеңнің аяғынан бастап 12 ай ішіндегі болуы мүмкін дефолт жағдайының пайда болуы нәтижесінде туындайтын немесе қаржылық құралдың бір жылдан кем болуы мүмкін мерзіміндегі күтілетін кредиттік шығындардың бір бөлігін қамтиды.

22 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Басшылықтың қаржылық есептілікті әзірлеу үшін күтілетін кредиттік шығындарды бағалауы әдетте реттеу мақсатында пайдаланылатын барлық мерзім ішіндегі бағалауға емес, белгілі бір мерзімдегі бағалауға негізделген. Бағалауда *болжамдық ақпарат* қолданылады. Осындай ретпен ККҚ кредит тәуекеліне ықпал ететін ықтималдылық ескеріле отырып, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердегі өзгерістерді көрсетеді.

Құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер үшін КШБ модельдеуі (POCI) осындай ретпен орындалады, бұл қатарға жалпы теңгерімдік құны (а) дисконттау мөлшерлемесінің активтің алғашқы танылуы сәтінде алынған ақшалай ағын негізінде анықталу жағдайы, және (б) КШБ әрқашан барлық мерзімдегі ККҚ тең болу жағдайы кірмейді. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер – өткен мерзімде бизнестің бірігуі нәтижесінде сатып алынған құнсызданған активтер секілді алғашқы танылуы сәтінде құнсызданған қаржылық активтер.

Дефолт ықтималдылығын бағалау үшін Компания дефолтты төменде көрсетілген критерийлердің біреуіне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін тәуекел жағдайы ретінде белгілейді:

- Қарыз алушының шартта көзделген төлем мерзімін 90 күннен аса уақытқа созуы;
- халықаралық рейтинг агенттіктері қарыз алушыны дефолт рейтингіндегі сыныпқа жатқызады;
- қарыз алушы төменде көрсетілген төлемсіздік қабылеті ықтималдығының белгісіне сәйкес келеді:
 - қаржылық актив бойынша пайыз мөлшерлемесін есептеудің тоқтатылуы/ пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі;
 - негізгі қарыздың есептен шығарылуы;
 - қаржылық активтің номинальды құнына қарағанда елеулі дисконтпен сатылуы;
 - қарыз құнының төмендеуіне/есептен шығарылуына/ берешектің кешірілуіне әкелетін қайта құрылымдау;
 - қаржылық активті өтеу мерзімінің ұзартылуы;
 - негізгі қарыз/пайыздық төлем бойынша төлем мерзімінің мейлінше кейінге шегерілуі;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес контрагентті банкрот деп тану туралы талапты беру;
 - Контрагенттің банкроттық туралы өтініш бойынша талап арызын беруі;
 - Кепілдік шартымен немесе кепілдік шарт бойынша төлеммен жабылатын міндеттемелер бойынша мерзімнің өтіп кетуі 90 күннен асады.

Ақпаратты жария ету үшін Компания дефолт анықтамасын құнсызданған активтер анықтамасына сәйкестендірді. Дефолттың жоғарыда берілген анықтамасы Компанияның барлық қаржылық активтеріне қатысты қолданылады.

Егер құрал үш ай қатарынан қандай да бір дефолт критерийіне жатқызылмаған болса, дефолт деп есептелмейді (яғни төлемнің ұзартылуы жойылады). Бұл кезең талдау негізінде анықталды, талдау барысында ұзарту мерзімін жоюдың түрлі анықтамалары пайдаланылып, төлемді ұзарту жойылғаннан кейінгі қаржылық құралға дефолт мәртебесін беруді қайтару ықтималдылығы ескерілді.

Кредит тәуекелінің елеулі мөлшерде ұлғаюының болуы немесе болмауының бағалануы (SICR) алғашқы танылған сәттен бастап жеке түрде де, портфельді негізде де орындалады.

Осы қаржылық есептілікте танылатын күтілетін кредиттік кредиттердің деңгейі бастапқы танылған сәттен бастап қарыз алушының кредиттік тәуекелінің елеулі ұлғаюының болуына байланысты белгіленеді. Бұл бағыт күтілетін несиелік шығындарды бағалаудың үш сатылы моделіне негізделген. 1-кезең-бастапқы тану сәтінде құнсызданбаған және осы сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаған қаржы құралы үшін кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар негізінде құрылады.

2-кезең – егер алғашқы танылу сәтінен бастап кредит тәуекелі елеулі түрде өскені анықталса қаржылық құрал 2-кезеңге ауыстырылады, бірақ әзірше құнсызданған болып есептелмейді, бірақ кредит шығындарына қатысты бағалау резерві барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. 3-кезең – егер қаржылық құрал құнсызданған болып табылса, ол 3-кезеңге ауыстырылады, және бағалау резерві барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. Актив 3-кезеңге ауысуы нәтижесінде ұйым пайыздық табысты жалпы теңгерімдік құны негізінде тануды доғарады және пайыздық кірісті есептеу кезінде теңгерімдік құнға қатысты күтілетін кредит шығындарын алып тастағандағы активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданады.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының критерийі орындалмағаны туралы дәлелдер болса, құрал қайтадан 1-кезеңге ауыстырылады. Егер тәуекел сапалық белгісі негізінде 2-кезеңге ауыстырылса, Компания бұл белгіге қатысты, оның сақталуы немесе өзгеруіне көз жеткізу үшін мониторинг жасайды.

22 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржылық активтер бойынша кредиттік шығындарды бағалау әрдайым тұтас мерзімге бағаланады. Осылайша Компания барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік шығындардың кумулятивті өзгерістерін таниды.

Қаржылық активтердің кредиттік шығындарына қатысты бағалау резерві 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маңызды емес болып табылады.

Қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін Компания үш бағытты қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельді негізде бағалау: ішкі рейтингтер жеке негізде бағаланады, бірақ кредит тәуекелінің бірдей рейтингтері және кредит портфельінің бірдей сегменттері үшін күтілетін кредиттік шығындарды есептеу процесінде кредит тәуекелінің бірдей параметрлері қолданылады (мәселен, дефолт ықтималдылығы, дефолт жағдайындағы шығындар); (iii) сыртқы рейтингтер негізінде бағалау.

Тұтастай алғанда күтілетін кредиттік шығындар кредит тәуекелінің төмендегідей параметрлерінің қосындысына тең: дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдылығы және дефолт жағдайындағы шығындар, олар құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесі арқылы келтірілген құнына дисконтталған нұсқада анықталған. Күтілетін кредиттік шығындар кредит тәуекелдерінің параметрлеріне болжам жасау әдісімен (дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдылығы және дефолт болған жағдайдағы шығын) әрбір жеке қаржылық активтің қолданыс мерзімі ішіндегі әрбір болашақ ай үшін немесе жиынтық сегмент үшін анықталады. Осы үш компонент «сақталып қалу» ықтималдылығы ескеріле отырып көбейтіледі және түзетіледі (яғни қаржылық актив өткен айда жабылды ма немесе дефолт болды ма). Бұл көрсеткіш әрбір болашақ кезең үшін күтілетін кредиттік шығындарды нақты есептеуді қамтамасыз етеді, олар сосын есепті күнге орай қайта дисконтталады және жинақталады. Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу үшін қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі алғашқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның жуық шамасын білдіреді.

Күтілетін кредиттік шығындар моделіне енгізілген болжамдық ақпарат

Кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюын бағалау және күтілетін кредиттік шығындарды есептеу расталатын болжамдық ақпараттың қосылуын білдіреді. Компания төмендегідей ауыспалы экономикалық мәселелерді анықтайды: олар кредиттік тәуекелдің өзгеруімен және күтілетін кредиттік шығындардың ескерілуімен түзетеледі: жалпы ішкі өнім, инфляция, айырбас бағамы, мұнай бағасы және базалық сектордың өнімділігінің өзгерісі негізіндегі экономикалық дамуды сипаттау үшін қолданылатын қысқа мерзімді экономикалық индикатор.

Экономикалық ауыспалы нысандардың дефолт ықтималдылығына әсері, дефолт кезіндегі берешек және дефолт жағдайындағы шығын статистикалық регрессионды талдау арқылы анықталады, бұл шара осы ауыспалы шамалардың өткен кезеңдердегі дефолт деңгейіне тигізген әсерін түсіну үшін жасалады.

Кез келген басқа экономикалық болжамдардағы секілді, олардың жүзеге асуының болжамы мен ықтималдылығы жоғары деңгейдегі белгісіздіпен айқындалады, сәйкесінше, нақты нәтижелер болжамды көрсеткіштерден айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

Компания қаржылық активтер бойынша бағалау мен нақты шығын арасындағы айырмашылықтарды азайту үшін өз әдістемесі мен болжамдарын үнемі тексеріп отырады. Мұндай бэк-тестілеу жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау әдістемесін бэк-тестілеу нәтижелері Компания басшылығына хабарланады, уәкілетті органдар талқыланғаннан кейін модельдерді одан әрі жетілдіру және болжамдар бойынша қадамдар жасалады.

(б) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі дегеніміз – ұйым қаржылық міндеттемелерді орындаған кезде қиындықтармен бетпе-бет келу тәуекелі. Компанияның қолданыстағы Даму жоспарларын қалыптастыру және мониторингілеу қағидаларына сәйкес, ақша ағындарының қозғалысын жоспарлау мен оған мониторинг жүргізу қысқа мерзімді ай сайынғы негізде, сондай-ақ 5 жылға қызметті орта мерзімді жоспарлауды қалыптастыру аясында жүргізіледі. Сонымен қатар, Компанияда 10 жылға арналған Даму стратегиясы әзірленіп, бекітілуде. Ақша ағындарын жоспарлаған кезде сонымен бірге депозиттерге уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан түскен пайда да есептеледі.

22 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде Компанияның қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімі бойынша есеп беру кезеңінің соңында шарт бойынша өтеу күнінің соңына дейін қалған өтеуді көрсете отырып талдау берілген. Дисконтталмаған сомаларға негізделген өтеу мерзімін талдау, оның ішінде болашақ сыйақылар мен негізгі қарыздарды өтеу.

Қазақстан теңгесімен, мың	Қажет болғанға дейін және 1 айға толмайтын мерзімде	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Қарыздар	7,480,219	2,808,062	23,872,064	137,503,848	10,288,074
Облигациялар бойынша міндеттемелер	-	-	4,537,881	49,935,561	-
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	235,320	281,992	-	-	-
Қаржылық жалдау	35,012	70,025	315,112	1,859,450	-
Қаржылық кепілдік	-	-	-	-	-
Негізгі сома мен пайыздың болашақ төлемдерін қоса алғандағы барлық болашақ төлемдер	7,750,551	3,160,079	28,725,057	189,298,859	10,288,074
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Қарыздар	6,253,163	39,393,540	28,773,925	44,194,568	108,235,398
Облигациялар бойынша міндеттемелер	-	-	4,537,881	35,018,816	19,454,627
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	411,954	249,749	-	-	-
Қаржылық жалдау	29,333	58,666	263,995	1,552,627	-
Қаржылық кепілдік	10,665,014	-	-	-	-
Негізгі сома мен пайыздың болашақ төлемдерін қоса алғандағы барлық болашақ төлемдер	17,359,464	39,701,955	33,575,801	80,766,011	127,690,025

(в) Нарық тәуекелі

Валюталық тәуекел

Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелері негізінен теңгемен көрсетілген, нәтижесінде Компания елеулі валюталық тәуекелге ұшырамайды. Осыған қарамастан, Компания болашақта немесе қажет болған кезде хеджирлеу құрылымын енгізу мақсатында қаржылық туындылар нарығындағы өзгерістерді бақылауды жалғастырады.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі ауыспалы пайыздық мөлшерлемен қарыздарға қатысты туындайды. Компания инфляция деңгейіне және ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесіне қатысты әлеуетті нарықтық тәуекелге ұшыраған. Компания өзгермелі мөлшерлемелердің өзгеруіне мұқият мониторинг жүргізеді. Бұл ретте, 2021 жылы ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінің ұлғаюына қарамастан, қолданыстағы кредиттер бойынша мөлшерлеме өзгерген жоқ. Компанияда пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты тәуекелдерді талдау және жеңілдету туралы ресми келісімдер жоқ.

Егер 2023 жылғы 31 желтоқсанға пайыздық мөлшерлемелер 100 базистік пунктке жоғары/төмен болса, барлық басқа айнымалы сипаттамалар өзгеріссіз қалса, бір жылдағы пайда 154,460 мың теңгеге аз және 154,460 мың теңгеге көп болады, бұл өзгермелі пайыздық мөлшерлемен міндеттемелер бойынша жоғары/төмен пайыздық шығыстардың нәтижесінде (2022 жылғы 31 желтоқсанда 200 базистік тармақ жоғары/төмен: бір жылдағы пайда 346,424 мың теңгеге аз және 346,424 мың теңгеге артық болады).

22 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Капиталды басқару

Компанияның капиталды басқарудағы міндеттері акционерлерге пайда түсуін және басқа мүдделі тараптарға тиімді болуын көздей отырып, үздіксіз жұмыс істеу қағидаттарына сәйкес Компанияның өз қызметін жалғастыру қабілетін қамтамасыз етуде, сондай-ақ капиталдық құнын азайту үшін капиталдың оңтайлы құрылымын ұстап тұру болып табылады. Компания капитал құрылымын ұстап тұру немесе түзету үшін акционерлерге төленетін дивидендтер сомасына түзету жасай алады, сондай-ақ акционерлерге капиталды қайтара алады немесе заем қаражатын азайту үшін активтерді сата алады. Компания саланың басқа да компаниялары сияқты Компания өзінің және заемдық капиталының арақатынасы негізінде капиталға мониторинг жүргізеді. Бұндай арақатынас капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза заем қаражаты ретінде анықталады. Таза заем қаражаттары ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерін (қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «қысқа мерзімді қарыздар» мен «ұзақ мерзімді қарыздарды» қоса алғанда) шегергендегі қарыздардың жалпы сомасы ретінде анықталады.

Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «Барлық капитал» ретінде анықталады, оған таза қарыз қаражаты да кіреді.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескер туле р	31 желтоқсан 2023ж.	31 желтоқсан 2022ж.
Барлық қарыздар	13	159,556,893	175,007,617
<i>Шегергенде:</i>			
Ақшалай қаржат пен оның эквиваленттері	10	(17,683,772)	(22,029,475)
Таза заем қаражаты		141,873,121	152,978,142
Барлық меншікті капитал		499,787,261	427,963,863
Барлық капитал		641,660,382	580,942,005
Заемдық және меншікті капиталдың арасалмағы		22%	26%

23 Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құнды бағалау

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады.

Әділ құн иерархиясының 2-деңгейіндегі және 3-деңгейіндегі әділ құнның бағасы дисконтталған ақша ағыны моделінің көмегімен орындалды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық құралдардың әділ құны баланстық құнға тең болып қабылданды.

23 Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қарызға беру нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, дисконтталған ақша ағынының моделіне негізделеді.

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2023ж.			31 желтоқсан 2022ж.		
	1-деңгей	2-деңгей	Қазақстан теңгесімен, мың	1-деңгей	2-деңгей	Қазақстан теңгесімен, мың
Активтер						
Ақшалай қаражат пен олардың эквиваленттері	-	17,683,772	-	17,683,772	-	22,029,475
Мерзімі тіркелген депозиттер	-	304	-	304	-	1,304
Қаржылық дебиторлық берешек	-	539,480	-	528,520	-	7,477,118
Алынатын дивидендтер	-	481	-	481	-	488
Берілген қарыздар	-	40,372,776	-	40,382,889	-	47,732,982
Қызметкерлердің берешегі	-	18,823	-	18,823	-	42,945
Барлық қаржылық активтер	-	58,615,636	-	58,614,789	-	77,284,312
Міндеттемелер						
Қарыздар	-	136,932,440	-	159,556,893	-	146,593,465
Жалға алу бойынша міндеттемелер	-	1,217,496	-	1,367,036	-	1,245,198
Қаржылық кредиторлық берешек	-	517,312	-	517,312	-	1,340,012
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	138,667,248	-	161,441,241	-	149,178,675

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер.

Тіркелген пайыздық ставкасы бар құралдардың әділ бағалау құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған және өтелгенге дейінгі мерзіммен алуға күтілетін бағалау ақша ағындарының сомалары негізінде айқындалады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің несиелік тәуекеліне байланысты.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін міндеттемелер.

Белгіленген пайыздық ставкасы бар және белгіленген өтеу мерзімі бар, олар бойынша нарықтық баға белгіленімдері жоқ құралдардың әділ бағалау құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған және өтеу мерзімі бар бағалау ақша ағындарын негізге ала отырып айқындалады.

24 Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар

2024 жылғы 9 қаңтарда Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру жөніндегі жобаны қаржыландыру мақсатында Қазақстан даму банкімен «АлЭС» АҚ қарыз шарты бойынша 117,000,000 мың теңге сомасына Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдік шартына қол қойылды.

2024 жылғы 19 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-мен қарыз мерзімін 2026 жылғы 21 желтоқсанға дейін ұзарту туралы қарыз шартына қосымша келісімге қол қойды.

2024 жылғы 25 қаңтарда Компания 2011 жылғы 14 қаңтардағы № С.Е./45-И Самұрық-Қазынамен қарыз мерзімін 2026 жылғы 25 желтоқсанға дейін ұзарту туралы шартқа қосымша келісімге қол қойды, есепті жылдың басына алдындағы 10 жылдағы орташа өлшенген инфляцияға тең қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгерді.

2024 жылғы 16 ақпанда топ «Богатырь-Көмір» ЖШС-ға алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасын ішінара өтеу есебіне 1,500,000 мың теңге және қарыздар бойынша 323,815 мың теңге сыйақы төледі.

25 Акциядан түсетін пайда/(залал)

Акциядан түсетін негізгі пайда / (залал) Компания акционерлерінің үлесіне тиесілі пайда немесе залалдың есепті кезең ішіндегі айналыстағы жай акциялардың орташа алынған санына қатынасы ретінде есептеледі. Компанияда реттелетін әлеуетті жай акциялар жоқ, сондықтан акцияға шаққандағы пайда акцияға шаққандағы негізгі пайдаға сәйкес келеді.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2023 ж.	2022 ж.
Компания акционерлеріне тиесілі бір жылдағы пайда/(залал) (Қазақстан теңгесімен, мың)	8,682,335	(4,651,863)
Айналыстағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	5,849,013	5,604,175
Компания акционерлеріне тиесілі акцияларға түсетін пайда/ (залал) (теңгеге дөңгелектегенде)	1,484	(830)

Бір акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылдың 4 қазанындағы шешіміне сәйкес, қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы мәліметтер болуы тиіс. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қаржылық есептілік деректері негізінде Компания басшылығы есептеген осы көрсеткіш 79,081 теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 75,857 теңге). Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2023 ж.	2022 ж.
Барлық активтер	662,494,452	607,634,859
Шегергенде: материалдық емес активтер	(629,749)	(697,765)
Шегергенде: барлық міндеттемелер	(162,707,191)	(179 670 996)
Жай акцияларға арналған таза активтер	499,157,512	427,266,098
31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялар саны	6,311,967	5,632,537
Бір акцияның баланстық құны, теңге	79,081	75,857